

Лесбек САЙЛАУБЕК

Пейіл



Лесбек САЙЛАУБЕК

*Бұл кітабымды Төребекқызы
Мінәйім әжелінің рухына арнаймын.*

Пейіл



Тараз-2013

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

С 16 САЙЛАУБЕК Лесбек Тұрсынбекұлы
«ПЕЙІЛ». Тараз, «Сенім», 2013 - 144 бет.

ISBN 978-601-7246-36-5

Лесбек Тұрсынбекұлы САЙЛАУБЕКТИҢ «Пейіл» атты бұл жаңа кітабы екі бөлімнен тұрады. «Тағылымы бар жыр» бөлімінде пейілге байланысты түрлі қасиеттер, адами құндылықтар, тіршілік барысындағы қилы көңіл-күй сезімдері жырға арқау болған.

Ал, «Астары бар сыр» бөлімінде, аты айтып тұрғандай, өмірде кездесіп жатқан теріс пиғылдан туындаған келеңсіз көріністер сын-сықаққа айналып, астарлы сөзбен әжуаланады. Сонымен қатар, белгілі бір топ азаматтар туралы әзілге құрылған пародия мен эпиграммаларға орын берілген.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7246-36-5

© Сайлаубек Л., 2013

I БӨЛІМ

ТАҒЫЛЫМЫ БАР ЖЫР



Жала мен жаза (Аңыз ізімен)

Үйлендіріп ана ұлын-жалғызын,
Той жасапты, бұйырсын деп дәм-тұзым.
Тілек айтып екеуіне ең асыл,
Жаудырыпты ақ жүректен алғысын.

Күндер, айлар зырлап өтіп жатады,
Ал, келіннің білініпті шатағы.
Бар тірлікті енесіне ысырып,
Ашылмапты әсте оның қабағы.

Ар-ұятты әу бастан-ақ ұмытқан,
Сұм екен ол тек байлыққа құныққан.
Бұл пенденің зұлымдығын ішінде,
Бар екенін алдын-ала кім ұққан?!

Жігіт бірде шықпақ болып сапарға,
Дайындапты керек затын жатарда.
Сонда келіп: «Бұл кемпірден құтылмай, -
депті әйелі,-менің таңым атар ма?!

Мандайыма жазылған бұл сорым ба,
Өтінемін, тілегімді орында.
Құтылудың оңай жолын айтып бер,
Болсын билік емін-еркін қолымда».

Болды қалай мейірімсіз мұншалық,
Мүләйімсіп отыр міне, мұң шағып.
Дір етпестен бұл найсаптың жүрегі,
Айтты жалған аузы барып, мін тағып.

Жауыздық қой жұбайының талабы,
Сәл ойланып жігіт амал табады.
Аяғандай түр танытып тұрды да
Сөз бастады, түйілгендей қабағы:

«Абыржыма, осы болса керегің,
Оңай жолын саған айтып беремін.
Өкпе-бауыр күнде майға қуырып,
Бере берсең орындалар дегенің.

Кеңесімді зейін қойып тыңдағын,
Жақсы қара, дөрекілік қылмағын.
Мен келгенше ісіп-кеуіп өледі,
Бере бергін өкпе-бауыр, тынбағын».

«Қалды көрер жарқын күнім жақын кеп,
Бәрі болса ойдағыдай, мақұл,-деп
қуанады алаңғасар әйелі,-
Тез табылған қандай жақсы ақыл» деп.

||з||з||з||з||з||з||

Орындайды күйеуінің дегенін,
Көңіл-күйін қарап жүрді ененің.
Қараулықпен күліп тұрды өтірік,
Қояр кейде «ас болсын,- деп,- жегенің».

«Өлетұғын түрі жоқ қой бұл әлі!»,
Күте-күте таусылады шыдамы.
Ал, енесі кешіккен соң баласы
Жолын күтіп күнде қырға шығады.

Қалды енеге біраз жақсы өң кіріп,
Келіні азды күтуменен телміріп.
Келген кезде көп кешігіп күйеуі,
Дейді әйелі: «Кетті кемпір семіріп».

Сұрамады күйеуінен амандық,
Жайлаған-ау тұла-бойын арамдық.
«Бердім,-дейді,-өкпе, бауыр екі ай,
Өлмек түгіл, қыңқ етпеді анаң түк».

Бұдан асқан болады ма тағылық,
«Өлмеді!» деп жүр әйелі аһ ұрып.
Тіл қатпастан жігіт барып асығыс,
Көріседі анасымен сағынып.

|ззз||ззз||ззз|

Пиғылына әйелінің қанықты,
Қара ниет күншілдігін жаны ұқты.
Әшкерелеп жауыздығын сол жерде,
Кім екенін өзіне-өзін танытты.

«Ажыратып баласынан анасын,
Таппақ болдың сен қалайша жарасым?!
Алла берсін,-деді жігіт,-саған тек
Махаббатсыз ғұмыр кешу жазасын!».

Асыра алмай іске зәлім арманын,
Кесірлі әйел қалды тістеп бармағын.
Екі арада арам ойдан опық жеп,
Ұқты сонда масқара боп қалғанын.

Содан жылжып айлар өтті біршама,
Торлап алды жігіт жүзін мұң-нала.
Жүргенде ол ой-орманға оранып,
Дүниенің ашты есігін ұл бала.

Бала ғана сақтап қалды отбасын,
Бір-біріне білді кінә тақпасын.
Жүрсе-дағы шаңырақты шайқалтпай,
Іштерінде кім білер дық жатпасын?!

Адамдарды алға сүйрер ар-намыс,
Ешқашан да опа бермес жалған іс.
Балбөбегі ата-анаға еркелеп,
Болғандай-ақ ай жүзімен алданыш.

Бала өсті шат-шадыман көңілмен,
Отау тікті теңін тауып өмірден.
Тойда енесі тілеп тұрды: «Келінім
дәл өзімдей болмасын!» деп Тәңірден.



**Асыл текті Имам Ағзам
(Әбу Ханифа)**

Мадағым көп арнаған—
Жақсылық тек Алладан.
Пайғамбарым Мұхаммед
Ашқан сырын бар ғалам.

Дін қуатын дамытқан,
Туралықты танытқан.
Имам Ағзам—ғұлама,
Шыққан дара халықтан.

Көне тарих төрінен
Тамыр тартар шежірем.
Имам тегі кім болған?
Жырлайын сол кезінен.

Сыйынып хақ Аллаға,
Иман жиған санаға,
Бір жас жігіт болыпты
Куфа деген қалада.

Қиянатқа баспаған,
Әділеттен аспаған.
Намаз оқып бес мезгіл,
Болған таза—жақсы адам.

Жалғандыққа бармапты,
Адал асты таңдапты.
Ар-ұятын кірлетпес
Тақуа екен жан-жақты.

Бекем бопты төзімі,
Сәбит—оның есімі.
Үлгі аларлық емес пе,
Мына тосын шешімі!

Сумен дәрет алуға,
Өзен барған тағы да.
Жәймен ағып бір алма,
Жеткен екен жанына.

Сол еді іліп алғаны,
Бір тістеді алманы.
Қызыққаны асығыс
Аз әуреке салмады.

Кенет тыйды жегенін,
Орындар ол дегенін.
Өкінді ойлап
Алманың
Біреудікі екенін.

Титтей сіңбей еңбегі,
Қалай болар жегені.
Затын сырттай өзгенің
Иеленгені жөн бе еді?!

Мұңға батып бір демде,
Иесін бақ іздеуде.
«Маған жасар кешірім»,
Деп күдерін үзбеуде.

Өзен бойы алма бақ,
Өсіріпті баптап-ақ!
Ешкім көрмес,
Жемісін
Әкетсең де қаптап ап.

Бірақ, бармас ондайға,
Арды аттамас қалайда.
«Кешір,-деді ол бағбанға,-
Ісімді ағат алайда».

– Кешірмеймін ақымды,
Бапта бақша-бағымды.
Ойланайын содан соң,
Таразылап арынды, -

Деді бағбан жігітке,
Сырын ішке бүгіп те.
Сәбит бірден келісті,
Сынын оның біліп пе?!

Өтеп міндет-сынақты,
Кешірімін сұрапты.
Бағбан дейді:
«Шартым бар,
соған салғын құлақты?

Екі көзі көрмейтін,
Екі аяғы жүрмейтін,
Керең және құлағы
Көп нәрсені білмейтін,
Әлі жоқ екі қолында,
Қызыма сен үйленсең
Кешірілмек ақым да!».

– Кісі ақысын жемейін,
Сізге басқа не дейін.
Қияметте қор болмай,
Шартыңызға көнейін!

Той қамы да жасалды,
Салтанатпен аталды.
Қалындығын көрмекке,
Ол бөлмеге бет алды.

Қойсаңшы бұл аңғалды,
Көрген бойда таңғалды.
Қарсы алдында тұрған сау
Сұлу қызды аңғарды.

«Бұл қателік шығар, - деп,
- Айтсам, бағбан ұғар, - деп.
Сәбит кері бұрылды, -
Іс осымен тынар» деп.

Қыз әкесі күлімдеп,
Нақ тірлікке жүгінбек:
«Сендей адал азамат
Сыннан қалай сүрінбек?!

Арам жайға қарамай,
Арам затты қаламай,
Жамандықтан аулақ боп,
Өсек сөзге жоламай,
Адалдықты бағалай
Өскен қызым-кем емес
Саған лайық, балам-ай!».

Деді ол шынын ақтарып,
Сауапты істі атқарып.
Отау құрды қыз-жігіт,
Бастарына бақ дарып.

Алла оларға ұл берді,
Қуанышты күн келді.
Нұғман бала жасынан
Құран жаттап білген-ді.

Тынбай алып ілімді,
Алғырлығы білінді.
Ата-анаға сөз берді,
«Қуамын,-деп,-ізіңді».

Иә, солай болды да,
Болды адал, арлы да.
Имам Ағзам атанды,
Мазһаб жолын салды да.

Ғылымға өзін арнады,
Ислам дінін қорғады.
Ұстанымын ұстаздың
Мұсылмандар қолдады.



Тәңір берер пейілге

Ертеде ...
Болса да үйі—жертөле,
Екі жігіт ерекше,
Сыйлы бопты өлкеге.

Бірі—іні, бірі—аға,
Жұрт дән риза бұларға.
Ынтымақсыз, ынтасыз,
Тірлік, сірә, тынар ма?!

Ойлап олар ертеңін,
Кәсіппен күн көреді.
Бекем буып белдерін,
Егінді де егеді.

Құр жүрмейді сандалып,
Елге ісімен жағады.
Бірі кетсе мал бағып,
Бірі шөбін шабады.

Қай жұмысқа барса да,
Кірісер жең түрініп.
Қиындықты қаншама,
Жеңіп жүрді бірігіп.

Бір жылдары қос жігіт,
Берекеге кенелді.
Егінге өскен көз тігіп,
Қуанышқа бөленді.

Астық қой ең керегі,
Нанға не тең келеді?!
Жинап сонда мол өнім,
Тең қып оны бөледі.

Сол табысын ит-құстан,
Сақтамаса болмайды.
Мылтық атып тұс-тұстан,
Кезек тұрып қорғайды.

Келейін деп нәр сызып,
Кеткенде үйге ағасы.
«Көрмесін ол таршылық,
Бар ғой бала-шағасы»,-

Деп інісі кең болып,
Өз шешімін жөн көріп,
Ағасына қосады,
Сыбағасын тең бөліп.

Келгеннен соң ағасы,
Жіберді үйге інісін.
Сезген-ау ол шамасы,
Інісінің бұл ісін.

«Бала-шаға нәсібі,
деген бар ғой Алладан.
Інім жұрттан әсілі,
Жөн болады қалмаған.

Отау құрып інім де,
Ел қатарлы жүрсінші.
Мұқтаж болмай бүгінде,
Мұңсыз өмір сүрсінші»,-

Деп екіге бөледі,
Ағасы да өнімін.
Інісіне төгеді,
Әжептәуір бөлігін.

Ниет түзу болған соң,
Ортаймады қырман да.
Қырман тасып толған соң,
Той басталды бұл манда.

Ризығы бұл Алланың,
Ақ ниетке арнаған.
Раббым адал жандарын,
Әрқашанда қолдаған.

Тәубе десіп бауырлар,
Елге артығын таратты.
Қарық болды ауыл да,
Тойып ішіп тамақты.

Кең жігіттер кейін де,
Талай істі оңдады.
Тәңір беріп пейілге,
Болып жүрді жолдары.

Ізгі жанды оларға,
Еңбек бақ боп қонады.
Жомарттығы содан да,
Ұрпаққа аңыз болады.



Тәуелсіздік - ел бағы

Аша қалсаң өткен тарих парағын,
Ызындайды құлағыңда азалы үн.
Небір нәубет үйіріліп басына,
Өз халқымның құрғатпапты-ау жанарын!

Боданында ғұмыр кешіп өзге елдің,
Қайран қазақ рухсыздыққа кез келдің.
Ышқынсаң да, бұлқынсаң да—амал не?
Тілсізденіп, дінсізденіп «өзгердің».

Міне, тәубе, қайта түлеп өрлігің,
Қолға қонды арман болған теңдігің.
Тәуелсіздік—ең бағалы ел бағын
Баянды етті Нұр ағамдай ер бүгін!

Қайта оралып діліміз де, дініміз,
Дүр сілкінді қасиетті тіліміз.
Тәуелсізбіз бүкіл әлем таныған,
Нұрын құйып шығады өз күніміз!

Тау тұлғамыз тамыр тартқан халықтан,
Қиын шақта жолды тапқан нарықтан.
Көсемдікпен, шешендікпен шешіп іс,
Қай жерде де тектілігін танытқан!

Көшбасшымыз елдің туған бағына,
Киесімен құт дарыған тағына!
Басқарған соң даналықпен баршаны,
Хан көтердік халық болып тағы да!

Шыңға шықсам, сен де шат...

Мейіріңнен жан анам нәр аламын,
Кең дүниенің кезгендей бар алабын.
Қиындықтан сен үшін басым тартып,
Жүрегінді келмейді жаралағым.

Қай сапарға...
Баруға балаң дайын,
Көңіліңнен шығуға аянбаймын.
Шыңға шықсам, сен де шат, ал егерде
Құлап түссем...
Сол үшін аландаймын.



Еркелегім келеді

Қай сәтте де тілекші анам маған,
Қарап әркез жолыма алаңдаған.
Берген бойға ұшқынын жақсылықтың,
Айналсын деп жалынға алаулаған.

Рухтандырып әр сөзі дем береді,
Жүргенімді серпіліп жөн көреді.
Еркелегім келеді есейсем де,
Анашымның әрқашан–мен бөбегі.

Ұғындым ба, білмедім, анам сырын,
Бөлінуде сан-саққа санам бүгін.
Парызымды перзенттік өтедім бе?
Соған мына көңілім алаң бүгін!

Жаратушым, бере гөр сабыр маған,
Жан жоқ шығар Анасын сағынбаған?!
Мейірімін көргенше тыншымайды,
Бұл жүрегім еркіме бағынбаған!




Перзенттік тілек

Ұрпақ үшін құрақ ұшып, түн қатқан,
Аман болшы, аяулы анам сырқаттан.
Күн көзісің мейіріңмен жылытып,
Перзентіңнің кеудесіне нұр жаққан.

Еркелесем, шуақ төгер гүл өңің,
Сол шуақтан қуат алып жүремін.
Ақтай білсем жарар еді үмітті,
Көңіліңнің тауып шипа бір емін.

Ана—өмірдің өзгермейтін ұраны,
Адамзаттың шұғылалы шырағы.
Балалардың бал күлкісін көбейтіп,
Ана деген бақыт тілеп тұрады.

Ай дидары арайланған ананың,
Болмысынан көп қасиет табамын.
Бізге дәйім сыйлайтұғын қуаныш,
Жас жумасын аналардың жанарын.



Қайран әжем...

I

Қайран әжем көрген патша заманын,
Шеккен емес сонда дәуір залалын.
Қан кештіріп төңкерісі Қазанның,
Тартқызады қасіретті азабын!

Ол келіні Нұрымбет бай—болыстың,
Малы кетті жетегінде орыстың.
Қайда барып күнелтеді үйлі жан,
Мәні қалмай кетті-ау ата қоныстың!

Солай халық ашаршылық кезеңін
Бастан кешті, немен жалғар өзегін?
Қапияда қазақ жұртын жұт жайлап,
Қайда қашпақ өгейсініп өз елін?!

Сапақ Датқа қызы, Баян—енесі,
Болды өту өзге елге кеңесі.
Қырғыз тауын аса бере атымен,
Құзға құлап құлдилады денесі.

Көз алдында айырылды енеден,
Төнді басқа тағы зұлмат не деген?!
Қайғы жұтып, бөбектерін қорғайды,
Бұл бейбақты жан жоқ қолдап, жебеген!

Қырғыз жерін амалсыздан сағалап,
Күнін көрді бір манапты паналап.
Тоқалдыққа берді қызын сол жанға,
Басқаларын аман сақтау—аманат!

Қырғыз жақта кәдімгідей тоқшылық,
Қазақта ма орнаған тек жоқшылық?
Елге оралды бес-алты жыл өткізіп,
«Тоқтаған да шығар, сірә, көп былық!».

Ойлағаны шықты теріс, ағат боп,
«Не болар?» деп ата-әжемде тағат жоқ.
Өкіметтің тәртібімен жүрген жөн,
Байдың бірақ әулетіне талап көп!

«Байдың ұлы—Сапақ датқа жиені,
Ал, атасы Тоқберген де би еді»,—
Деп «қызылдар» Сайлаубекті қамайды,
Абақтыда қурасын деп сүйегі.

Алай-дүлей заман соқты дауылын,
Қызыл жендет жиған емес айылын.
Басқа түскен тауқыметті көтерді,
Қайран әжем көрмей кеңес қайырын!

Келіп жеткен бұл қай заман—зар заман,
Есебі жоқ адамдарда зарлаған.
Қалғандықтан бодауында өзге елдің,
Күндер туды қазағымды жалмаған.

Халқымызда басқа амал қалмаған,
Қуғын-сүргін талайларды жалмаған.
Әжем кейін тілейтін-ді: «Ел-жұртқа
енді қайтып келмесін,-деп,-тар заман!».

Мінәй әжем не көрмеді өмірде,
Ұрпағы өсті, нұр ойнады өңінде.
Тектілігі тұратын-ды байқалып,
Сыйлы еді жалпақ жұртқа, өңірге!

II

Қайран әжем күн кешпеген жанды алдап,
«Бере гөр,-деп жүретін-ді,-Аллам бақ!».
Дұға оқып намазының соңында,
Шөберемді көрсем дейтін армандап.

Тілейтіні баршамызға жақсы өмір,
«Жүргін,- дейтін,- жарқын жүзді ақ көңіл».
Дана сөзбен бізді әдепке баулыды,
Сақтандырып қылықтардан жат небір.

Сағынушы ек бір күн кейде көрмесек,
Жаны жайсаң еді-ау әжем елгезек.
Бұрынғыдан сөз қозғайтын шынайы,
Тартынбайтын әңгіме айтып бер десек.

Шежірелі әңгімесі есімде,
Бір күш бардай бізді тартар сөзінде.
Қанат беріп қиял менен арманға,
Бөлейтін-ді ерекше бір сезімге.

Дейтін әркез
«қошақаным», «балапан»,
Бұл сөздерді есту бақыт Анадан.
Жайдары боп қалатынмын шаттанып,
Сипағанда маңдайды ыстық алақан.

Бауырыңа басып, әже, өсірдің,
Шалыс басқан кездерімді кешірдің.
Қамқорлығың болды маған ерекше,
Кермек дәмін таттырмадың өмірдің.

Әже, өзінді еске аламын сағына,
Тұрмын келіп сен баптаған бағына.
Өткен күнді көз алдымнан өткізіп,
Тамшылады жанардан жас тағы да.



Бір қуаныш, бір қайғы

Таластың тастүлегі, «Құрмет белгісі» және «Еңбек
Қызыл Ту» ордендерінің иегері, аға шопан атанған
Қалтай Дәулетбақов жайлы сыр

Дала сұлу төрт түлік малыменен,
Сұлулықты кім сүймес жаныменен.
Кең даладай пейілі шопандардың,
Құрақ ұшып қарсы алар барыменен.

Түйгені көп көкейге бұл өмірден,
Сүйген іске сүйсіне шын берілген.
Құс ұйқылы болған соң,
Ол оянар
Ару таңмен таласып «жыр» төгілген.

Қандай әсем самалды дала таңы,
Жусан ісі бойға күш таратады.
Түс ауғанша жайылып отты жерге,
Бас қояды суатқа бар отары.

Қас қарая шопаның оралды, әні,
Жайғастырып қойларын қоралады.
Күзетумен енді оны ит пен құстан,
Жалғасады тірлігі одан әрі.

Қауырт сәтте кетеді қызынып ол,
Шопан ісі қиын да, қызығы мол.
Қыр-сырымен даланың егіздей-ақ,
Малсақ болсаң, осындай түз ұлы бол!

I

Атаның ұстап құтты ақ таяғын,
Дүйім жұртқа шығарды Қалтай атын.
Мақтанышпен, сеніммен ел алдына
Айтарлықтай табысы бар жаятын.

Осал мінез ешқашан танытпаған,
Қиындыққа мойымай, қамықпаған.
Тыным көрмей күндіз-түн жалықпаған,
Алға ғана басады ол анық қадам.

Ерте бастан кірісіп қыс қамына,
Жеткізеді жем-шөбін қыстауына.
«Қыс шанасын жазында сайлаған» соң,
Төтеп берді аяздың қыспағына.

Жанкештілік тірлігі арқасында,
Бағаланса еңбегі, шаршасын ба?!
Малын қыстан шығынсыз алып шықты,
Жұлделілер жүр, әне, ортасында.

Бұл жемісі еңбек пен алғыр ойдың,
Биігінен көрінді абыройдың.
Жеңіп шықты қысылмай қыс қаһарын,
Қондылығын түсірмей әрбір қойдың.

Тегінде бар шопанның өр мінезі,
Іске мығым, қайратты ердің өзі.
Әр жүз саулық соңына төлдің санын,
Жүз сексеннен асырып өргізеді.

Қалтай аға, паш етгім күресінді,
Жеңістерің мерейді бір өсірді.
Ырысына еліңнің бар ынтаңмен,
Мінсіз қосып келесің үлесінді.

Ел-жұрт куә, аз емес төккен терің,
Ерлік еді көп бейнет көргендерің.
Сол бейнетің қалған жоқ елеусіз боп,
Жарқырайды кеудеңде ордендерің.

Әке жолын келесің жалғастырып,
Уақыттай дамылсыз алға асығып.
Құштарлықпен даланы болсаң құшып,
Көкті шарла қырандай самғап ұшып.

Кір келтірмей намысты бұл атыңа,
Мақсатыңа жеткейсін, мұратыңа.
Арғымақтай бұлқындың атырылып,
Түскенінде тірліктің сынағына.

Үдей түстің, таймадың қарқыныңнан,
Найзағайдың кем соқпай жарқылынан.
Бойыңдағы күшінді сарқа жұмсап,
Тұйықталмай танылдың бар қырыңнан.

Ой жіберіп сенуші ең ертеңіңе,
Ел де сенді ісіңнің өркеніне.
Өр қалпынды өңірің үлгі етіп,
Есіміңді аңыз ғып шертеді де.

II

Мадақ әкеп көл-көсір жетістігі,
Құрмет тұтты ауданда тегіс мұны.
Темір тұлпар сыйланды сабантойда,
Бұл шешімнің жоқ еді терістігі.

Көпшіліктің ілігіп назарына,
Қан жүгірді Қалтайдың ажарына.
Сол «тұлпармен» ауылға бет алғанда,
Тап боларын сезбеді-ау ажалына.

Қуанышын, әттең-ай, баса алмады,
Той-думаны үйінде жасалмады.
Қыр асқанда көлігі аунап түсіп,
Сол заматта қиылды жас арманы.

Күңіrentті жарының теңселгені,
Көзін шылап жас-кәрі кемсеңдеді.
Қырық жаста қанжардай қылпып тұрған,
Елуді, әттең, есіл ер еңсермеді.

Түскен жерге ауыр ғой салмақ-қайғы,
Арашашы тағдырға болмақ қайсы?!
Қайсар Қалтай өмірден өтсе-дағы,
Қасиетін айтып жұрт ардақтайды.

Қалтай шопан бел жазбай жыл көптеген,
Бағындырған биікті міндеттеген.
Ізгілікті соңына із қалдырған
Еске алады оны ел құрметпенен.

Намыс

Тағдырдың қаша алмассың қиынынан,
«Сақтай гөр!», дейсің бірақ «құйынынан».
Белгілі досың ренжіп тұрған болса,
Қасыңның күлетіні миығынан.

«Сақтай гөр!», деп жүрерсің күлкісінен,
Жауыздың жиіркеніп кіл ісінен.
Налыйсың сен де оған,
Әрбір ісің
Басқандай деп, етіктің сірісінен.

Намыспен алға қарай құлшынасың,
Биікке кейде онымен бір шығасың.
Әрекет жасаса да құлатпақ боп,
Сен одан, достым менің, тұршы басым!



Не десем екен?..

Не десем екен,
Не десем екен өзіңе?
Қылт етесің мән берместен сөзіме.
Сабырсыздық билеп апты-ау бойыңды,
Кездеспеп ем бұрын мұндай кезіңе.

Неге бұлай оқыстан сен өзгердің?
Сөздеріне кейбіреудің тез ердің.
Бұрын мені білетін ең жап-жақсы,
Енді, міне, жат адамдай безердің.

Иә, бүгін қиыс мінез таныттың,
Ниетіңнің сырын ұғып, қанықтым.
Үндемей-ақ саған іштей қынжылдым
Арым таза болғандықтан анық, шын.

Адалдықтан ар-намысты табамын,
Қайдан білем, кімге жақпай, жағамын?!
Ой-түйсігім жаңылдырмас опынтып,
Еңсемді еш баса алмас нала-мұң.



Кей адамдар...

Кей адамдар тыныш өмір сүрмейді,
Өршісін деп «тозақ отын» үрлейді.
Қиын сәтте демеу болу орнына,
Бірін-бірі жүндейді де күндейді.

Жалғасады бұл пенделік қашанға,
Аудармайық бар кінәні заманға.
Тірісінде түсініспей тірескен,
Құдай өзі түйсік берсін адамға?!

Ақыретке көбі солай аттанды,
Ал, тірілер жүр сол жолмен жаттанды.
Тисе-дағы таяқ талай шекеге,
Бір-біріне неге құрар қақпанды?!



Тұйыққа кеп тірелсең...

Бір жақсылық жасасаң торыққанға,
Бұл ісінді айналғын мол ұққаннан.
Кей түйсіксіз түсінбей,
Мүмкін оны
Жасады деп ойлауы қорыққаннан.

Оған айтқан обал-ақ ақылың да,
Бітіспестей жау көрер ақырында.
Тұйыққа кеп тірелсең,
Бұл түгілі
Теріс қарап кетер кей жақының да.

Досың болсын жаныңды түсінетін,
Қызбалансаң, сабаңа түсіретін.
Керегі не пенденің пәтуасыз,
Болмашыға күпініп, ісінетін.

Ақтарылар кірбіңсіз көңілдегі,
Шертіліп сыр жүректің төріндегі.
Табылатын қасыңнан қиын сәтте,
Медетің ғой шын достар өмірдегі.



Көңілдерге кірбінді жуытпандар

Өтінемін, бауырлар ұрыспандар,
Жақындықтан жүрдай боп ығыспандар.
Адам күні, деген бар, адамменен,
Бақытты жан бір-бірін ұғысқандар.

Ынтымақты сақтауға ынталымыз,
Ырғағымен жырлансын жыр-әніміз.
Маздамаса махаббат жүректерде
Қуыс кеуде болғаны құр жанымыз.

Сондықтан да араны суытпандар,
Көңілдерге кірбінді жуытпандар.
Алдымыздан әрқашан ырыс күтіп,
Ата берсін арайлап күліп тандар!



Әркімнің өз үні бар

Десем де тыным тауып дем аламын,
Алысқа шақырады кең алабым.
Тынымсыз тіршіліктің бітпейтұғын
Күйбеңін қалай ғана жеңе аламын?

Бермейді мүмкіндік те жыр жазуға,
Достармен уақыт та аз сырласуға.
Дегендей көзінді сал биіктерге,
Төбемнен күн күлімдеп қыр асуда.

Кімде-кім шыңға шықса мұқалмастан
Бақытты,
Жүрген ізі ұран-дастан.
Бұларды сынайды кеп кей немелер,
Шың түгіл, төбеге де шыға алмастан.

Әркімнің өз үні бар, дауысы бар,
Әртүрлі бәйге-өмірде шабысы бар.
Жарысқын жалықпастан, намысты жан,
Жүлдесін бұл өмірдің жарысып ал.

Жүлдесін алады адам еңбекпенен,
Өмірін өшпейтіндей өрнектеген.
Көшінде қалмас үшін өткен күндер,
Құлашты өрге қарай сермеп келем.

Бағым менің қуанышқа бөлектен

Көз тартқанмен қызықтырып алтының,
Бақ бола алмас, сезем оның салқынын.
Сарқылмайтын қуанышқа кенелтер
Алашымның амандығы, жарқыным!

Ұнатсам да гауһар тастың жарқылын,
Бақыт емес ол да бірақ, бар шыным.
Бағым менің қуанышқа бөлектен,
Немеремнің қылықтары бал-шырын.

Тап болса да ен байлыққа ең ірі,
Оған толық толмас ердің көңілі.
Бақытты етіп, көкке мені көтерер,
Көп қауымның қарапайым сенімі.

Шаттандырар байтақ дала, қырларым,
Ашық аспан, айдын көлім, гүл бағым.
Баға жетпес бақытыма балаған,
Отаныммен, туған елмен бір жаным.



Жігерінді жани біл

Жастық шаққа жалтақтық жарасқан ба?!
От жылдары күн мен түн таласқанда,
Аталарым тар жолмен тайғақ кешті,
Жұлдызы боп жол тауып адасқанға.

Жастық дәурен көз тіккен алыстарға,
Шабысынан жаңылмай жарыстарда.
Тіліп өтер жарқ етіп найзағайдай,
Қиындығың бұйым ба намыс барда?!

Жас шағында қырандай қырағысың,
Буырқанған дауылдай бұла күшің.
Бабалар ізін басқан ұрпағысың,
Ұлтың үшін атойлар ұланысың!

Тұяғы жер тарпыған пырағысың,
Әлі талай алдында тұрады сын.
Жігерінді жани біл бойындағы,
Терінді төк еліңнің мұраты үшін!



Жақындыққа үндейді

Ата-бабам тойлаған думандатып,
Келді Наурыз өзіне жыр арнатып.
Салт-дәстүрім жаңғырды, әдет-ғұрпым,
Қалып еді бәрі де тұманданып.
Бұл мереке Жылбасы, істің басы,
Қарсы алып ел-жұртым қуанды анық.

Жайнай түсті түрленіп бар аймағым,
Тіршілікке тұнып тұр арай бағым.
Жаңа жылда ойлаймын «не тындырам,
не тындырдым?»—өткенге қарайладым.
«Елім үшін түйірдей пайдам тисе»,
деп қашанда қылаусыз сан ойладым.

Қуат берер жаңа күн талай жанға,
Реңі кіріп түрленер айналам да.
Батасын ап ата мен әжелердің,
Ұмтылайық бүр жарған армандарға.
Жақындыққа үндейді жарқын Наурыз,
Бауырмалдық керек-ақ адамдарға.

Бауырмалдық бар кезде қамықпа да,
Болсын сенің қайырың халыққа да.
Көтеретін нар жүгін заман туды,
Еніп кеттік тереңдеп нарыққа да.
Жаңа дәуір үнімен үндескен жөн,
Үміт-сенім жетелер жарық таңға!

Алдарында бұрынғыдай баламыз

Қанаттанып ұландарың самғады,
Әр қиырға алып ұшып арманы.
О, ұстазым, ұлысың сен фәниде,
Лебізімнің жоқ ешқандай жалғаны.

Төбіренбей сол бір шақты айта алман,
Жанымыздың бағбаны едің майталман.
Дәріс алған шәкірттерің,
Бүгінде
Жапырағын кеңге жайып жайқалған.

Шәкірт едік,
Солай болып қаламыз,
Алдарында бұрынғыдай баламыз.
Қиын кезде,
Өзің қайрап шыңдаған
Бойымыздан намыс күшін табамыз.

Ұмытылмас мектептегі қымбат күн,
Ұстаздықтан бақытыңды шын таптың.
Қасиетін адамдықтың ұқтырып,
Ми-санама дәнін егіп, нұр жақтың.

Жүрегіме шуақ болып орнадың,
Жігеріме қуат беріп, қолдадың.
Қадіріңді таразылап, салмақтап,
Бүгін, міне, жырмен сәлем жолдадым.

Сырласып, жақын тартып тіл табатын,
Шәкірттің қабағынан сыр бағатын.
Тынымсыз тірлікпенен шаршаса да,
Жүзінен бізді көріп нұр таматын.

Білімнің сусындатқан бұлағынан,
Көкейде ұстаз жайлы тұрады ән.
Көзімді білімменен ашқан сені,
Ұқсатам қараңғы түн шырағына.



Ұлы сезім

Іңкәрліктен жан-жүрегім жаралған,
Махаббатпен сабақтасып бар арман.
Бұл қасиет балғын шақтан қаныма,
Анашымның ақ сүтімен таралған.

Туған жерге өтіп талай бораннан,
Махаббатпен жыл құсы да оралған.
Оны жоқ деп адасады кей пенде,
Махаббатсыз кім бақытты бола алған?!

Жаратқанның қарасаңшы шеберін,
Махаббатпен бүршік жарған өнерің.
Үміттерге қанат берер құштарлық,
Жаңылдырмас ұлы сезім,
Сенемін!

Құштарлық—сырлы сезім, ол—махаббат,
Күн шуақ көңілдерге орнаған шақ.
Құштарлық келешекке жетелейді,
Ешқашан онсыз көңіл болмаған шат.

Өмірге өзгеше зор құштарлығым,
Жақсыға болмақ емес іштарлығым.
Тұрады биігіне тартып мені,
Аңсатып анау асқақ мұз-қарлы шың.

Құштарлық қанат беріп самғатады,
Тамсанып Тәңірімнің бар ғажабы.
Билеп ап бұл қасиет болмысымды,
Бір арман бір арманға жалғасады.

Жақсылармен кездессем...

Жақсылықтың күтемін алдан бәрін,
Жалғандыққа бас иіп алданбадым.
Ізгі жандар ізімен жүргенімде
Тектілікке жетелер армандарым.

Шаттықпенен басылар шаршағаным,
Қарсы аламын тәубе деп таң шапағын.
Өкінбес ем ешқашан
Бұл фәниде,
Қиянатсыз жарқырап жанса бағым.

Жақсылармен кездессем, көңілденіп
Жан дүнием қалады жеңілденіп.
Қуат берер бойыма ерекше бір,
Саялы бақ, асқар тау секілденіп.

Іңкәр сезім (Жалын кешкен)

Есінде ме әсем гүлі көктемнің,
Сыңғыр қаққан таудың ерке бұлағы.
Қызықты еді өзіңменен өткен күн,
Көз алдымда сол қалпында тұр әлі.

Қайырмасы:

Жалын кешкен,
Жаным дескен,
Күндер қайда, қарағым?!
Дір еткізген,
Шықпас естен
Мөлдіреген жанарың.

Ән-жыр айтып, бал-бұл жанып қырды асып,
Жүрдік талай таңды атырып сырласып.
Қызғалдақтар жайнаған сол далада,
Тұратынсың жанарыңнан нұр шашып.

Қайырмасы:

Жалын кешкен,
Жаным дескен,
Күндер қайда, қарағым?!
Дір еткізген,
Шықпас естен
Мөлдіреген жанарың.

Бойымдағы ерікті де алдырдым,
Махаббаттың жүректе отын жандырдың.
Өзің еркем ойымдасың әрқашан,
Сеземісің бұл күйімді, жан құрбым.

Қайырмасы:

Жалын кешкен,
Жаным дескен,
Күндер қайда, қарағым?!
Дір еткізген,
Шықпас естен
Мөлдіреген жанарың.



Сені ғана іздеймін

Бірге жүрген өзіңменен күндерім талай,
Сайрап тұр санамда, арайлым!
Ол сәттердің сағынтарын білмедім қалай?
Суретіңе ұзақ қараймын.

Қайырмасы:

Тілегімсің деп іздедім,
Тірегімсің деп іздедім.
Сағынта хабар берер деп,
Күдерімді де үзбедім!

Кеткен едің білдіртпестен сезімді тербеп,
Қимас сол кездерді сағынам.
Сондағыдай естілер ме кеудемді кернеп,
Махаббат туралы тағы да ән!

Қайырмасы:

Қиял шіркін шартарапты шарлайды екен,
Сағынышымда ғой бар қайғы.
Сол бір сезім қалар емес, қалмайды, сенем,
Көңілдің көгінде самғайды.

Қайырмасы:

Жетсе жылдам ақ қанатты хабарың, қалқам.
Ашылар еді-ау қабағым!
Жанға демеу жанарың-ай жадымда қалған,
Сені іздеп әніммен табамын!

Қайырмасы:

Маған сенші

Өзіңе ғана мейлінше күн мейірін төккендей,
Алаулаған жүзінді ай нұрымен өпкендей.
Жанарыңда байланып тұрғандай-ақ тағдырым,
Күлімдеші көргенде гүл жайнаған көктемдей.

Мен үшін келгенсің-ау ән-жыр болып өмірге,
Махаббат сезімдері құйылады көңілге!
Күміс күлкің сыңғырлайды әуендей
Түсім менен өңімде.

Қайырмасы:

Маған сенші,
Қалқам келші,
Сенімен ғана жанады шырағым!
Өзіңменен,
Сезімменен
Махаббат сырын ұғамын!

Сеніміме бекемдеп серік еттім төзімді,
Тербетумен келемін саған деген сезімді.
Сезім шіркін, еріксіз сиқырымен жаулап та
Баурап алса бір демде, арманым жоқ, өзінді!

Мен үшін келгенсің-ау ән-жыр болып өмірге,
Махаббат сезімдері құйылады көңілге!
Күміс күлкің сыңғырлайды әуендей
Түсім менен өңімде.

Қайырмасы:

Маған сенші,
Қалқам келші,
Сенімен ғана жанады шырағым!
Өзіңменен,
Сезімменен
Махаббат сырын ұғамын!

Сыр жасырмай алғаусыз ақтарылдым, тасыдым,
Лебізімді риясыз құптағайсың, асылым!
Үлбіреген өзіңе ұсынамын, қабыл ал
Сезімімді құндақтап саған деген бал-шырын!

Мен үшін келгенсің-ау ән-жыр болып өмірге,
Махаббат сезімдері құйылады көңілге!
Күміс күлкің сыңғырлайды әуендей
Түсім менен өңімде.

Қайырмасы:

Маған сенші,
Қалқам келші,
Сенімен ғана жанады шырағым!
Өзіңменен,
Сезімменен
Махаббат сырын ұғамын!

||ззз||ззз||ззз||


Ұмыттым ба деп жүрсем...

Көктем күліп, жер-көкке нұр тарады,
Көп көңілде керім ән шырқалады.
Есінде ме баяғы кездескен жер,
Жиде ағаш жалғыз түп қырқадағы.

Сол көктемдей тұр жайнап бәрі бүгін,
Жиде талы ашыпты тағы гүлін.
Шақырғандай бір бейне бұлаң қағып,
Арасынан көкжиек сағымының.

Елесі боп сол сағым шаттығымның,
Естілгендей алыстан тәтті күлкің.
Ұмыттым ба деп жүрсем,
Сол бір жиде
Жүрегіме тағы да тақты бір мұң.

Сол көктемдей тұр жайнап бәрі бүгін,
Жиде талы ашыпты тағы гүлін.
Ұмыттым ба деп жүрсем,
Ұмытпаппын,
Ғашық екем мен саған әлі, күнім!



Жүрегіңе гүл тағайын

Көңілім көк жүзінде шарықтаған,
Өзіңмен келіп қонар бақыт маған.
Жырымсың тек жаныма түйіп жүрген,
Сырымсың еш пендеге ағытпаған.

Маңайға сәуле шашқан жайдарлысың,
Бағыңды байқаймысың, қайран құсым.
Менің жастық ғұмырым шуақтайтын,
Биіктегі нұрыңмен айбарлысың.

Сыңарсыз ұшпас аққу бұл өмірде,
Ізгіліктен із қалсын тілек-үнде.
Қашап салған белгідей мәрмәр тасқа,
Сенің бейнең сақталар жүрегімде.

Өзіңсің мына өмірге қызықтырған,
Махаббат машақатын жүз ұқтырған.
Жеткізіп сезімімді тұнып тұрған,
Жүрегіңе гүл тағайын үзіп қырдан.



Қос мұңлыққа

(Әлібек Үсенұлы мен
Наргиза Тюменованың рухына)

Жүрген соң қос аққудай жарасып-ақ,
Деуші едік: «Екеуінің бағы ашылмақ».
Риясыз пәк жандарды таба алмастан
Сұм ажал қалмады ма адасып-ақ.

Ғашықтар махаббатқа сенген еді,
Сезімге адал болып келген еді.
Алаңсыз шат-шадыман жүрген сәтте,
Қайғының қара бұлты төнген еді.

Қос ғашық орындалмай тілектері,
Айқасқан ажырады білектері.
Апатта қапияда ажал құшып,
Тоқтады бірге соқпай жүректері.

Сөйлеуге тіл күрмеліп тосылады,
Қайғының естіледі тосын әні.
Жалғанда қосылмаған қос ғашықтың
Бақида мәңгі жаны қосылады.



II БӨЛІМ

АСТАРЫ БАР СЫР



Құтылатын күн бар ма?..

Мінбеде маңғазданып,
Қолына қағаз алып,
Сөз сөйлеген бастық
Ә дегеннен, мәселеге
Тікесінен тартып кетті:

— Жолдастар, соңғы кезде
Ұжымнан тәртіп кетті.
Жиналыста айтпаса
Бізді біреу тындар ма?
Осы ішкілік дегеннен
Құтылатын күн бар ма?

Мына Жүсіп деген
Жұмысқа кеше ішіп келген.
Ауру емес, сау да емес.
Бет-ауызы ісіп келген.

Ал, ана Нұрбайың
Біз үшін бір уайым.
Жұмысқа еш құлқы жоқ,
Арақ десе ойланбай
Асылуға дайын.

Мұндайлар бізде
Көп емес еді.
Қазіргі жағдай солай,
Ақыл айтсаң
Бас салып төбелеседі.

Бір сөзбенен айтқанда,
Бұл әдетті жою керек.
Ісіміз оңға басу үшін
Жұмыста ішуді қою керек.

Бастық біраз сөзімен,
Кейбіреуін таяқтады.
Жиналысты сонымен,
Көп созбай-ақ аяқтады.

Ал, әлгілер бас қосып,
Бөтелкеден бөтелке туып отыр.
Жиналыста аттары аталғанын
Ерекше бір жуып отыр.

||:~::~||:~::~||:~::~||

Бастықтың соңғы ескертуі

– Жұмысқа міне, тағы кешігіп келдің,
Бұған дейін талай рет кешіріп келдім.
Кешіріп қана қоймай,
Қызметінді өсіріп келдім.
Енді жасамаймын кешірім,
Кете бер, әні, ашық есігім!

– Бір жолға тағы кешіріңіз,
Жалақымды өсіріңіз!
Сонда бір минөт те кешікпейтін болам,
Қажет десеңіз, күнде осында қонам!

– Жарайды, соңғы ескерту саған!
– Рахмет, жақсы ғой соңғысын алған!
– Оның несі жақсы?!
Беталды сөйлемем жалған!
– Берген ескертуіңіз көп,
Деп ойлаушы ем:
«Неге мұның шегі жоқ?».
Осы уақытқа дейін маған,
Ескертудің ең соңғысын алу
Болған еді арман!

Сөзіңізде тұрсаңыз,
Мені шындап тыңдаңыз.
Ескертуге шілі әуес боп,
Жұртты жаман жолға бұрмаңыз!

– Немене?
Ақылсынып бос өзеуреме!
Ескерту деген бұдан кейін,
Қорықпай-ақ қой, берілмейді!
Себебі, сен жұмыстан кетіп,
Төбең де мұнда көрінбейді!

Кеудемсоқ

Басында батыр атанам деп,
Ары да шапты, бері де шапты.
Одан не тапты?!

Белгілі тұлғамын деп,
Халық үшін туғанмын деп,
«Өзін-өзі мақтаған өгіз тентек»
Әрекетінен түк шықпады.
Бірақ «қайраткер, батырмын» деп,
Қу сөзімен бұл ойын нықтады.
«Елге тигізген пайдам көп» деп,
Лепіріп, жұрттан ұялып «ықпады».
Содан ақын болғысы келді,
Ары жазды, бері жазды,
Жазғанын ешкім ұқпады.
Тыраштанғаннан қайсы ұтқаны?..

Алған бетінен қайтпады,
Бір ақынның біраз өлеңін
Аттай қалап алды да, жаттады.
Әр жерде қисыны келсін-келмесін,
Соны оқып тыным таппады.
Өзін-өзі жер-көкке сыйғызбай мақтады.
Қашанғы бір нәрсені оқи берсін?
Одан да мезі боп шаршады.
Бірақ, «ақынмын» деп әркімге
Төсті ұрып қақсады!
Содан «байлыққа белшеден бататын
Болам мықты кәсіпкер» деді.

Ары жүгірді, бері жүгірді,
Қолынан еш нәрсе келмеді.

Бірақ, білетінім көп деп,
Көк мылжың екенін танытты.
«Мен іскермін, қайраткермін» деп,
Билік біткеннің миын ашытты.

Енді не істемек
Халықты өзіне қарату үшін,
Өзін ақылды санату үшін.

Ары ойлап, бері ойлап,
«Молда болам» деді,
«Жұртқа сыйлы сонда болам» деді.
Ақылсынып әр жерде
Әр нәрсені шатып-бұтып
Есіп отырды.
Мақтанғанда алдына жан салмай
«Мен өйттім, бүйттім» деп,
Бөсіп отырды.
Әттең, білімінің таяздығынан
Өзінің жолын өзі «кесіп» отырды!

Қарайтын емес жан-жаққа,
Құр аттай ол «желіп» жүр.
Ұятқа қалып жатса да
«Менмін!» деп кеуде керіп жүр.
«Қандай кереметсің» деп,
Қызығын емес,
Шыжығын көп жұрт көріп жүр!

Жағымпаздың жыры мен сыры

«Тірегімізге
Сөз келмесін деп тік тұрамыз.
Оның кемшілігін айтқандарды
Қудалап, орнынан құрттырамыз.

Немесе сыни пікірін саяси қате деп,
Жиналысқа сап талқылаймыз.
Басиемізге күн-түн демей,
Шаң жұқтырмай шапқылаймыз!

Себебі, онымен бір командадамыз—
Намысымыз бір,
Ортақ мақсатта табатын табысымыз бір»,
Деп жағымпаз ұрандатып жүр еді,
Орнынан ұшты «тірегі».

Ол біраз күн «күйіктен» деп,
Тоқтаусыз «тойлап» кетті.
Өзгенің емес,
Өз жайын ойлап кетті.
Шын болмаса да, басшысын
Сырттай қатты қорғап жүр еді.
«Енді қайттім?» деп сорлап жүр.

Әй, қайдам, байқасам,
Жаңа келген әкімді де
Сылдыр сөзімен ол «қолдап» жүр.
Тоқ етерін айтқанда,
Айласын асырып алдап жүр.
Тағы бір тәсіл-айласы –
Керемет көріну үшін,
Небір «рөлді» ойнап бағады.
Әртістерің оның қасында
Шаң қауып жолда қалады.
Ол жұрттың емес, дөкейдің
Оң болса дейді қабағы!
«Көрмесін» көп өткізсе,
Өзіне майдай жағады!
Бір күні жасандылығы
Жарға шықса,
Жарғанаттай жардан да
Бұл шіркінің пана табады!

Құтырып жүр...

Әйелі үйде ет жоқ деп,
Күнде картоп қуырып жүр.
Күйеуі түзде «қыздармен»,
Кәуәпті жеп құтырып жүр!

Өзгелер билеп санасын...

Мекемеге басшы боп лезде,
Алғашқы кезде
Жанын сала іске кірісті.
Талай тірлікті апай-топай
Тындыруға тырысты.
Мұнысы, әрине, дұрыс-ты!

Кейін «іссапарға кеттім» деп,
Көлге тартты-балыққа!
Апта сайын барса да
Оған басшы жарып па?!
Әлде, жеңгей жерік боп
Балыққа қарап қалып па?!

Әттең, оңбай сүрінді,
Не көрінді, білмейміз.
Әйтеуір, шала бүлінді,
Несіне оны күндейміз.

Өзгелер билеп санасын,
«Басбух» билеп қаламын,
Ұжымның алды-ау мазасын.

Шығара сап бұйрықты,
Қалтаға басты сыйлықты.
Нығайтам деп техникалық базасын,
Мекеменің жымқырды теңге-шақасын.

Ұмытқан соң тәубені,
Алды мықтап жазасын.
Ұшпаққа қалай шығады
Ұжымның алса назасын!

Бұрын «қымбаттау арақтың
Ішем,-деуші еді,-тазасын!».
Бүгінде «самопалмен-ақ»
Жазып жүр көңіл жарасын!



Тоқылдақтың ақыры

Алпыс жастан асса да,
Сыпсың сөзге құмар-ақ.
Жастар одан қашса да,
Өсек іздер қуалап.


Өзін ғана зор санап,
Өзгелерді кемітер.
Реті келсе қорлап-ақ,
Жүйкелерін кемірер.

Ынтымақты тоздырып,
Кердең басты Тоқылдақ!
Араздықты қоздырып,
Ол мәз болып отырмақ.

Өсиет жоқ ағалық,
Өнбес іспен «шаршады».
Бойындағы шалалық,
Шал болса да қалмады.

Сыйсыздығын сезіп жүр,
Тек зейнетке кеткен соң.
Одан бәрі безіп жүр
Абыройын төккен соң.

Кімге қарап өсеміз?
«Өзімен кетсін» десеміз!
Көре қалсақ, түү-түүден
Сырт айналып өтеміз.
Үлгісі жоқ үлкенмен
Қызбай-ақ қойсын шекеміз!



Берекесіз менмен маман

Кеңес дәуірінде хат тасушы
Қып-қызыл курьер болды.
Содан соң жауапты маманның
Орнын басар тірегі болды.
Жауаптың не?
Оның ең үлкен
Басшылыққа бару тілегі болды!

Алайда, жауаптылық
Оған көп жыл бұйырмады.
Себебі, кей басшы жақынын әкеп
Ол орынды шиырлады.
Ақылын солар билеген,
Бастыққа әжептәуір ренжіген
Қиялидың жағдайы қиындады.

Кенет оны жауапты ғып
Бұрынғы басшы кетерінде жарылқады.
Сенерін де, сенбесін де білмей
Ол бұл жайға қатты таңырқады!

Содан ол жауапты болды,
Бұрын сонда жауапсыз болған да!
«Ештен де кеш жақсы» деген,
Орнын тапса жөн ғой жалғанда!

Жауаптылық
оған бірақ қол болмады!
Қысқасы,
Жортып жүрер жол болмады!
Қиялы оның көкте жүрген соң,
Жерде өзіне көңілі толмады!

Енді ол «қалада тұрып-ақ,
ауылды гүл етем» деді,
«Құлпыртып, түлетем» деді.
Бірақ, гүлдендіре алмай,
Тіптен, түрлендіре алмай
Бұл ісін
қысқа мерзімде жауып тынды!
«Ауылда мықты маман болам» деп,
Енді ол кезіп кетті дала, құмды!



Бетпе-бет келуге беті жоқ

Жұртты бір-біріне айдап сап
Шағыстыратын,
Ши жүгіртіп ортаға
Құмарлана қағыстыратын,
Қанында бар қасиет екен.
Онысы әттең,
Жалғаса берер қасірет екен!

Құдайдың құтты күні
Ол еш сәт тыныш жүре алмайды.
Біреуді кекетіп, мұқатпай
Жайдан-жай күле алмайды.

Шама-шарқы баршаға аян, шамалы,
Сумаңдаған тілімен «жер сыпырып»,
Біліксіздігін жауып-жасыру амалы.
Жайдақ судай жайылып бір ағады,
Оны жете білмейтіндер «ғұлама» деп
Таңдайларын қағады.

Аузына-аузы жұқпайтын,
Ар-ұятыңды ұқпайтын,
Әумесердің бұл пиғылына таңғаласың.
Рас екен деп сөзіне оның ілессең
Сол заматта-ақ шаң қабасың.

Өсек сөзді теріп ап
Шеберлікпен қиыстыра құрайды.
Бұл әдеті өзіне бала кезінен ұнайды.
Сандырағын жұрттың атынан айтып
Өзі мінсіздей-ақ, өзгелерді «сынайды».

Шикі ойын біреулерге жаздырып,
Бар «дарынын» сап азғырып,
Домалақ арызды да домалатады.
Ішінде іліп аларлық дым болмаған соң,
Сөздері кір-қоқыс боп жолда қалады!

Бұл «ерлік» ісін
Ешкім білмейді деп ойлайды.
Қателеседі,
Үлкен түгілі, кіші де
Мұнысын сезбей қоймайды.
Қолын бір-ақ сілтеуде,
Білген жандар ол туралы көп жайды.

Домалақ арыз
допша тағы домалады,
Маңдайы тасқа тигендей
Үні өшіп, неге демде жоғалады?!
Себебі, нәрі жоқ, не мәні жоқ сөз
Кімге дәрі бола алады?
Бетпе-бет келуге беті жоқ
«Жансыздың» қайбір ісі оңалады!
Әркімге жаққан бәле-жаласы
Түбінде өзін тауып оралады!

Соттың өзін сотқа берді

Өсектерді өліп-өшіп жинады,
Қаншама жыл жанын босқа қинады.
«Тисе-терекке, тимесе-бұтаққа» деп
Жазғандары қисынға келмей «қирады».

Қорқытып-үркіту – ең тиімді тәсілі,
Жас шағынан үйір болған кәсібі.
Қай кезде, қай жұмыста жүрсе-дағы,
Бұл қасиет қылаң берер, әсілі.

«Ісімді дұрыс шешпеді» деп,
«Сауатсыздар өстеді» деп,
Бірде соттың өзін
Сотқа берді сабазын!
Жеңілсе де жағаласып қоймады,
Рәсуа етті-ау, том-том болған қағазын!

«Құласаң–нардан құла» деген,
Ол нардан да, жардан да құлады.
Керіскендері көп, келіскендері жоқ
«Жаны сірі» арамызда жүр әлі.
Жүрсе жүрсін, қайтеміз, есесіне
Шынықтырар бізді мұндай сынағы!



Төрт аяқтап кеттің


Түбіне пұлдың жетем деп,
Қиын жолға түстің.
«Мұның сенің бекер» деп,
Айта алмады ешкім!

Шыңырауға құлап,
Жаттың сонда жылап.
Қолын ешкім созбады,
Жағдайыңды сұрап.

Құлдырап, жер құштың,
Қылбұрауға түстің.
Шыдай алмай бәріне,
Қу арақты іштің!

Есірткі де шектің,
«Қыл көпірге» жеттің!
Итіңменен жаласып,
Жұртты көрсең – тептің!

Қайран өмір, қор болған,
Ит-рәсуа боп өттің!
Екі аяқпен жүруші ең,
Төрт аяқтап кеттің!



Әйелдердің айтары ...

Бүгінде әйелдердің – арулардың,
Шашы қысқа болғанмен ақылы ұзын.
Көркіне көзің тойып табынаарсың,
Бірақ та ол болмақ емес бағынышың!

Алтын басты әйелмен санасарсың,
Сонда ғана онымен жарасарсың.
Бақа басты еркекті биік десең,
Онда достым, сен қатты адасарсың!

Ие болды басымдыққа ерлеріміз,
Бізді неге биліктен көрмедіңіз.
Сын болады депутат сайлар кезде,
Әйелді шетке ысырып келгеніміз!

Біле білсең өмірдің тірегі біз,
Қызмет деп соғады жүрегіміз.
Мінбелерден көрейік жиі оны,
Қолпаштайық әйелді - тілегіміз!

«Әйелдерді еркектерден көп дейді,
Бола берсін, бола берсін көп мейлі.
Әйелдер ғой, әйелдер ғой әдемі,
Әдемілік бізге көптік етпейді».
Деп жырлаған Мұқағали ақын да,
Келген жөн-ау ер-азамат, ақылға!

Тереңірек ойлайықшы біз бүгін,
Ісі оңар әсте жаны ізгінің.
Тәуекел деп, әйелдерге көбірек
Ұстатайық биліктердің тізгінін!

Бір келеміз өмір деген қайықта,
Кем санасақ әйелдерді, лайық па?
Түсінісіп екі жақты қашанда,
Тең жағдайда қызмет етсек, айып па?!

«Байтал шауып, бәйге алмас біз тұрғанда»,
Дейді кейбір ерлер сөзді қыздырғанда.
Үндеместен құтылар сол жігіттер,
Нәзік жандар үлкен іс тындырғанда.

Ерлерше ертеректе қол бастаған,
Соңына елді ертіп жол бастаған,
Аналарды ағайын, ұмытпайық,
Ел болмайды дәстүрі жалғаспаған.

Әйелдер ғой берекесі әр үйдің,
Қызметте де алғырлығын танысың.
Бар тірлікті қайыспастан көтерген,
Әйелдерге, айтшы, қалай налиссың?!



Банкирдің теңге күніне жыршашуы

Сиқыры бар-ау өзіне тартар теңгенің,
Бауырға басып, буына оның терледім.
Қолыма тисе құшаққа толып төл ақша,
Құлашты алға армансыз-ақ сермедім.

Қ-сы:

Түсімде ақша көргім келеді,
Өңімде алып жүргім келеді.
Сұраған жұртқа көптеп теңгені,
Пайызбен үлкен бергім келеді.

Теңгені әркез кір жуытпай қорғадым,
Теңгемен жүрсем—аязда да еш тоңбадым.
Қажет десеңіз, тауып та берем қиналмай,
Жетеді бізде еуро менен долларың!

Қ-сы:

Түсімде ақша көргім келеді,
Өңімде алып жүргім келеді.
Сұраған жұртқа көптеп теңгені,
Пайызбен үлкен бергім келеді.

Ағайын түсір біздерді әркез есіңе,
Алғаннан ақша тартынасыз несіңе?!
Тойынды жаса, үйге де бірден ие бол,
Банктен алып керегінше несие!

Қ-сы:

Түсімде ақша көргім келеді,
Өңімде алып жүргім келеді.
Сұраған жұртқа көптеп теңгені,
Пайызбен үлкен бергім келеді.

Халыққа әркез болғаны жақсы жайлы күн,
Сақталып банкте, өседі ақша-байлығың.
Әрқашан біздің банкоматқа ел риза,
Себебі біздер береміз жедел айлығын!

Қ-сы:

Түсімде ақша көргім келеді,
Өңімде алып жүргім келеді.
Сұраған жұртқа көптеп теңгені,
Пайызбен үлкен бергім келеді.

Ұлтымыз мықты, беделі биік ел екен,
Теңгесін қорғап, намысын жатқа бермеген.
Халайық бүгін - туған күні ғой теңгенің,
Айтамын елге құтты болсын деп мерекен!

Қ-сы:

Түсімде ақша көргім келеді,
Өңімде алып жүргім келеді.
Сұраған жұртқа көптеп теңгені,
Пайызбен үлкен бергім келеді.



**Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің
бұрынғы бас редакторы, Қазақстанның
еңбек сіңірген мәдениет қызметкері
Баттал Жаңабаевқа!**

20 жыл тапжылмай
Газет редакторы болғанда,
Пайдасы тиіп қоғамға,
Жинады зор беделді!
Талай тілшіні әкеліп,
Пәтерлерін әперіп,
Жағдайларын көтерді!


Прокурормен ақшаға
Карта ойнаған бұл ағам.
«Біздікін дейді «гонорар»,
сіздікі не?» деп сұраған!
Осындай тапқыр сөздері
Талайдың тілін «бұраған».

Бірақ, бір ой бермей мазаны,
Толғандырыпты ағаны:
«Газеттің өз үйі жоқ,
Осы ма заман талабы?».

Содан Бәкең обкомның
Бас хатшысына барады.
Жайын айтып жай ғана,
Тілін де оның табады.
«Баспасөз үйі» қазіргі —
Болыпты басты қалауы!

Өзгелер де бұл үйге
Құмарта көзін салады.
Арада тартыс өтсе де,
Не бел, не белбеу кетсе де,
Көздегенін Бәкең алады
Беделімен баяғы.

Бедел деген қасиет
Тектілерде ғана болады!
Баттал аға жаңағы,
Сол сәулетті шаңырақтың
Бүгінде жиі қонағы!



**«Ақ жол» газетінің бұрынғы бас редакторы,
ақын, қоғам қайраткері
Арғынбай Бекбосынға!**

Ол мықты редактор болды,
Газетке оқырман көңілі толды.
Әділет үшін тілшісін,
Отқа да, суға да салды.
Ал, қауіп төнсе,
Оларды өзі қорғап қалды.

Содан Парламентке қол созып,
Құдай қолдап, депутат сайланды.
Бұл жолы ағаның
Көңілі марқайып, жайланды.

Қару ғып қаламын,
Діттегенді көздеді.
Қай жерде де мәселе көтеріп,
Өткір болды сөздері.
Омар Хайямды қазақшалап,
Биікке біртіндеп өрледі.

Нәтижесінде өзі де тынбай,
Рубаят жаза бастады.
«Мың түрлі ой» кітабын
Шығарып-ақ тастады.

«Фәнилік драма» кітабын
Ол тәмамдауға таяды.
Арекең қазір айтулы
Қазақтың «Омар Хайямы!».

**«Ақ жол» газетінің бұрынғы бас редакторы,
халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының
лауреаты, балалар жазушысы
Әлдихан Қалдыбаевқа!**

Біз айтамыз:

«Балаларға арнап
Қалам тербеу оңай емес» деп.
Айта алмас ешкім:
«Ол мүлде олай емес» деп.

Әлдихан аға бұрын
Өндіртіп кітап жазған еді.
Көрместен тыным,
Көп қаламгерден
Оқ бойы озған еді.

Газетке басшы бола сап,
Күнде бір тері пұшпағын «иледі».
Әңгіме жазуға әттең-ай,
Қолы жиі тимеді.

«Әлдихан ағаның
Бастық болғаны бекер-ақ еді.
Олай болмағанда
Талай кітап дүниеге келер-ақ еді».

Деп біз балалар үшін өкінеміз,
Балдырғанға тәтті әңгелектей
Әңгіме жазыңыз деп өтінеміз!

**«Ақ жол» газетінің қазіргі, республикалық
«Салық тәртібі» газетінің бұрынғы
бас редакторы Ғалым Қасабайға!**

Кеше:

Бірнеше газеттің іргесін қалап,
Өмірге жолдама берді.
Қолға алған ісі алға басып
Оңдала берді.

«Салық тәртібі» газетін
Республикалық деңгейге көтерді.
Іскерлігі арқасында
Баспаны да өмірге әкелді.

Баспада газет те, кітап та
Үздіксіз басылуда.
Әр күн сайын әйтеуір,
Бір жаңалық ашылуда.

Тірліктерін өркендетіп дамытты,
Білгірлігін көпшілікке танытты.
Тауарларын арзанырақ шығарса,
Мұнысы оның ойлағаны халықты!


Бүгін:

Ол облыс әкімдігінің
«Ақ жол» газетін басқарады.
Ұжым жас тілшілермен толығуда,
Деп отыр: «олар қашан тас жарады?».

Бас редактордың бұл ниеті дұрыс,
Қолдауға тұрарлықтай бастамасы.
Себебі, жастар жұмыс істейді ғой,
Зейнетке шықса
Газеттің қасқалары мен басқалары.

Күтеміз биыл үміт алдан көп,
Тәубе, жаңа жыл жаман болған жоқ.
Шығармашыл ұжым беделін биік көтерген,
«Ақ жол» газеті марапатсыз қалған жоқ.

Арғымақтай алға сүйреп «Ақ жолды»,
Галеке тұр, бізге әр кез қалқан боп!
Жалақымыз әжептәуір артуда,
Тағы да аздап өсірсеңіз, «арман» жоқ!



**Жазушылардың халықаралық «Евроодақ»
қауымдастығы және халықаралық
ПЕН-клубтың мүшесі, халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
республикалық «Жамбыл» журналының
бас редакторы Несіпбек Дәутайұлына!**


Мәселені қозғаса,
Қанын шығара жазады.
Әңгімені қолға алса,
Жанын шығара жазады.
Кейіпкерінің ақтарып
Жан-дүниесін қазады,
Алдын-ала қауіпке,
Аусын деп ел назары.

Еуропалық мәнерді,
Мүлтіксіз-ақ меңгерген.
Әдебиет деген әлемді,
Ар санауды жөн көрген.
Кітаптарын қаласа
Оқиды оқырман таласа.
Себебі, оның әрдайым
Жазғаны да жаңаша.

Повестері жұлденің,
Алдын ешкімге бермеген.

«Алаштың» алып сыйлығын,
Қаламын қалай сермеген?!
Жамбыл ата рухымен
Бүгінде Нәкең ерлеген!
Мемлекеттік сыйлыққа
Үміткер боп бекер енбеген!

Айтатыны қашанда
Азаматтық, ағалық!
Жазғандары жарқ етер
Әдебиеттегі жаңалық.
Кітаптарын мемлекет
Жылда берер шығарып.
Елімізге демде тек
Кетеді бәрі таралып.
Ол өзі—өзіміздің жамбылдық,
Статусы—халықаралық!



**«Қазақстан-Тараз»
телерадиокомпаниясының төрағасы,
филология ғылымдарының кандидаты
Аязби Бейсенқұловқа!**


«Жас Алашта» жүргенде,
Кемшілікті білгенде,
Бет қаратпай сынайтын!
Газетке шыққан датталып,
Кейіпкері келіп ақталып,
Алдында оның «тулайтын».

Ауысқан соң ҚазҰУ-ға,
Талапты көп ұл-қызға
Дәріс берді «мың түрлі».
Журналистік өнерді
Игерген шын шеберді
Шығарам деп ұмтылды.

Жуырда елге келгені,
Білгірлігіне сенгені.
Дұрыс болған, әрине,
Кадрға көңіл бөлгені.
Хабарды жөндегені
Берер бір күн нәтиже!

Телеарна жақсы ғой,
Өттең, кадр тапшы ғой,
Ұжым қапты тарап-ақ!
Азап оны жинау да,
Проблемасы қинауда,
Байқап жүрміз қарап-ақ.
Жоқ тілшінің орнына
Асаба жүр жарап-ақ.

Аязби білер әлін де,
Ақылмен шешер бәрін де.
«Ақпаратын» жібермей
Көрер көпшілік, әкім де!
Қиындықты қазір де
Түбегейлі «жыққан» жоқ.
Себебі, оның әзірге
«Шілдетері» шыққан жоқ!



**Жазушы, республикалық жабық әдеби
конкурстардың бірнеше дүркін жүлдегері,
еліміздің бас газеті—«Егемен Қазақстанның»
облыстағы меншікті тілшісі
Көсемәлі Сәттібайұлына!**


- Атым менің Көсемәлі,
Өзім қажы, шешен әрі.
Әділдіктен аттағанның,
Көңіліме жақпағанның,
Төбесін қаламыммен тесем әлі,
Мүйізін қағып, құлағын кесем әлі!

Атым менің Көсемәлі,
Талантыммен өсем әлі.
Мұңын мұңдап көпшіліктің,
Жоғын жоқтап жұртшылықтың,
Мәселесін оңынан шешем әлі.
Мен-жазушы, журналист Көсемәлі! -

Дегеніне сенем әлі,
Өзгелерден бөлек әні.
Ел сүйсінген өнеріне,
Көсемсөздің шеберіне,
Шыға берер өлең әлі...
Шаршамағын Көсемәлі!

Ұлық Олжас—бокста
Спорттың болды төресі.
Атанғанда жеңімпаз,
Дедік: «Міне, жөн осы!».

Келін алдың боксшы,
Оларға кім төреші?!
Ел таныған болсыншы
Екеуінің бөпесі!
Немерең асып бәрінен,
Жетсін көкке төбесі!




Облыстық «Знамя труда» газетінің бас редакторы Игорь Неволинге!

Басшылыққа келе салып И. Неволин,
Болды ісіне бұрынғының «недоволен».
Ұнатпаса жазғандарын тілшінің,
Деді бірден: «Извини, ты уволен!».

Сүйеді екен бұл редактор футболды,
Салмай кетпес қарсыласқа бір голды.
Майып етті өткен жылы аяғын,
Содан бері доп ойнауын доғарды.

«Знамяда» құбылады тақырып,
Оқырманын «менмұңдалап» шақырып.
Осылайша көп мақала оқылар,
Тақырыбы тұрғаннан соң «ақырып».

Журналистік тәсілі мол жас маман,
Әлі талай асуы бар аспаған.
Бас редактор бәріне де жетеді,
Сақтай алса қалпын асып-таспаған!



**Қазақстан Журналистер одағы облыстық
филиалының директоры, «Тараз-Таймс»
газетінің бас редакторы
Жарылқасын Нұралиевке!**


Жарылқасын
«Знамя труда» газетінде
Шеберлігімен танылғасын,
Тәуелсіз басылым ашып,
Кеудесін бекер кермеді.
«Кто есть кто» кітабын шығарып
Облысымызда ерледі.
Әрине, біраз терледі.
Пайдасын көріп көл-көсір,
Жағдайын да түзеп-жөндеді.

«Тараз-Таймс» газеті
«Нью-Йорк Таймсқа» жақындау.
Болғандықтан тәуелсіз,
Жазып жатыр батылдау!
Көтерген мәселесі ірілеу,
Болса да газеті шағындау.

Тілі өзінің қанжардай,
«Шет тілінде» тіліп жазады.
Ресейдегі жандардай,
Орысша ойлап көп жайды,
Сол тілде ақпар алады.

Құдай қосқан қосағы —
Ол да орысша соғады.
Екеуара шүлдірлеп,
Түсіністік табады.
Себебі, мұны бұларға
Үйреткен Кеңес Одағы!

Бірақтағы ұлдары
Қазақша оқып келеді.
Болашақты ойлаған
Жақаң қандай ер еді!
Нағыз қазақ болсақ деп,
Екеуі көшке ереді.
Онысына мың рахмет,
Елімізге осы керегі.



**«Ақ жол» газеті бас редакторының бірінші
орынбасары Қуаныш Иембердиевке!**

Қате кетсе бір сөзден,
Қаһарына мінеді.
Жөңдей салса қайтеді,
Үндемей-ақ үнемі.

Мұнысы жөн бірақ та,
Шыдау керек сынаққа.
Қатеден Құдай сақтасын,
Қуаныш кінә тақпасын!

Мығым ол әрбір ісіне,
Сыйлы үлкен-кішіге.
Мектебін көрген «Ақ үйдін»,
Сеніп-ақ жүр күшіне!
Туралығын айтса да,
Зілі жоқтай кісіге!
Алайда, біраз жастардың,
Кіріп жүр «түнеріп» түсіне.

—Жастарға бұл да сабақ қой,
Көңіліне бірақ қарап қой!
«Ренжімендер» деп ескерт те
Есеңгіретер талап қой!
«Дүние кезек» деген бар,
Оны да достым, ойлап қой!

Бас редактордың орынбасары Құрманбек Әлімжанға!

Алдымен аудандық газетті
Ұзақ жыл басқарды.
Тәрбиелеп өсірді,
Талай талантты жастарды.

Кейін «Ақ жолдың» меншікті
Қордайдағы көзі болды,
Нағыз тілшінің өзі болды.
Оқырманды баурап алатын,
Маржандай тізілген сөзі болды.

Бүгінгі мезетте,
Облыстық газетте
Ол бас редактор орынбасары.
Жөн болар еді
Жазуын доғармағаны.
Бұрқыратып жаза берсе,
Бұл—журналистің жоғалмағаны!
Ойлы оқырман салмақтап,
Берері даусыз оған бағаны.

Ал, жеңгей туралы айтсам,
Ол алыстау—Қордайда.
Келем деп әуре болмасын...
Жол жүру қазір оңай ма?!
Шынында жағдай солай ма?

Құрекеңе тілерім,
Жарқырасын маңдайы!
Бір нақсүйер табылса
Болар еді жағдайы!

Жыл аяғында Құрекең
Жаңа үйді де алар.
Ал, әзірге пәтер жалдап
Уақытша тұрса болар.
«Сабыр түбі-сары алтын» деген,
Сары алтын
Сабырлыны өзі іздеп табар.
Жеңгей де сол заматта
Барлығына бірден ие боп қалар!

Қордайлық Құрекең бүгінде
Таразда қызметте жүр екен.
Жүрегін ұсынып сол кезде ұлы бір қызға,
Үйіне әкелгені—өзге елдің гүлі екен!

Гүл емес-ау, нұр екен,
Төгіліп тұрған жыр екен.
Сол келінімен Құрекең
Сөйлесер қай тілде екен?!


Бір кісімен жақын болар бір кісі,
Бірақ, бірақ, өзгеше мұның түр-түсі.
Кімде-кім келсе білгісі,
Бұл–халықтар достығының үлгісі!

Бақытқа жетіп екі жас,
Шаңыраққа келсін дәулет те!
Қырғыз, орыс, қазағы бар,
Бұл–интернационалист әулет пе?!

Иә, құда–қырғыз бенен орыс та,
Етпен қатар, үйренген жөн борщқа!
Қазы–қарта арасына түссе егер
Ештеңе етпес басқа бір ет оқыста!

Елбасының нағашысы–Жаныс қой,
Төле би де бар қазаққа таныс қой!
Енді міне, Путинменен құда боп,
Екі елді жақын етер нағыз той!

Келінжанға ешбір кінә тақпадым,
Көрдім оның өлеңімді айтқанын.
Осыдан соң ішім жылып, мен оны
«Нағыз қазақ келіні» деп мақтадым!



**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ақын, «Ақ жол» газеті «Руханият» бөлімінің
меңгерушісі Баймаханбет Ахметке!**

Бұла ақын Баймахан,
Кезінде көлік айдаған.
Жолдас болып өлеңмен,
Ой тербеген тереңнен,
Болмақ емес жай Махан!
Сеніммен мұны айта алам!

Жыр ауылынан табылған,
Тілге жүйрік ағылған.
Кенде емес ақылға,
Журналист те, ақын да,
Бес қаруын асынған.
Көп тірлігін жүзеге
Үндемей-ақ асырған.

Туылса егер қайтадан,
Кабинадан кабинетке
Келер еді Баймахан.
Таластың да, Тараздың
Жазар еді өрнектеп
Тіршілігін қайнаған!
Бәкең жайлы осылай
Сенімменен айта алам!

Берілсе егер қиялға,
Бұлттан ары кетеді.
«Іздегенін» тапқан соң
Жерге әрең жетеді!

Сонда-дағы Бәкеңе
Оқшау жүру - керегі!
Оңай емес әпкеме,
Себебі ол осындай
Ақынменен некелі!



«Экономика» бөлімінің меңгерушісі Ақылжан Мамытқа!

Қашан көрсең Ақылжан
Жиналыста жүреді.
«Бітпейтін бір жиын» деп,
Қиналыста жүреді.

Бітіреді бар істі,
Қанша қиын болса да.
Тірлігіне өзінің
Үлгереді сонда да.

Еті бірақ... астапыралла,
Еңбегі оның адал ғой,
Шаршамайтын маман ғой!
Ниеті түзу қашанда,
Болмайды онда жаман ой.

Кәсіпкерлерді шақырып,
Жазады ол қатырып.
Кейіпкері кейін де
Іздейді оны шарқ ұрып!
Атбасын бұрып арнайы
Рахмет айтар тақ тұрып!

Ал, Ақылжан сол сәтте
Елжіреді мәз болып.
Құрметіне көңілі
Жадырайды жаз болып!

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Ордабековке!

Ғалым-дәрігер Ордабеков,
Ауырсақ болды
Барамыз тез оған жетіп.
Дертімізден айықтыр деп
Көмек сұраймыз.
Жеделірек әперген палатасына,
Құдай берді деп құлаймыз.

Ол журналистерге
Жақын жүреді.
Жазғандарын жұртшылық
Жақсы біледі.
Сондықтан да
Біз де оны жағалаймыз,
Дәрігерлігін де,
Қаламгерлігін де бағалаймыз!

- Сағындық аға,
Өзіңізді көрмей қалсақ,
Сағынамыз!
Бізді түсінетін адамдарға
Көңілімізбен «бағынамыз».
«Шабытымыз» келсе,
Жаныңыздан табыламыз!
Қажет кезде сізді іздеп сабыламыз,
Қайда екен деп шабыламыз.
«Дәрі-дәрмегіңіз» шипа болып,
Дертімізден құлан-таза арыламыз!

**Қазақстан Республикасының еңбек
сіңірген әртісі, облыстық қазақ драма
театрының директоры, «Қазақстан-Тараз»
телеарнасының бұрынғы бас редакторы
Асқарбек Сейілханға!**

Телеарнада -
Бас редактордың,
Театрда -
Бас батырдың
Рөлдерін сәтті ойнады.
Телеарнаға
Басшы болғанда
Ұжым жайын ойлады.
Сонда да оны театры
Қол бұлғап «шақырып» қоймады.

Асекең осындай көп салалы,
Өнері өрге басқан адам.
Қажет болса журналист,
Әртіс те бола салады.
Қысқасы, бесаспап маман!
Кейде ол дана да,
Бала да бола қалады!

Керек болса, шақырып алыңыздар,
Пайдаланып қалыңыздар!
Қызмет беріп кез келген,
Жақыннан зерттеп таныңыздар!

**«Ақ жол» газетінің жүйрік журналисі,
сықақшы Болат Жаппаровқа!**

Ағамның тегі—Жаппаров,
Санада тұр жатталып.
Көмегін жұрттан аянбас,
Кеткен емес жалтарып.

Ақанды мол сілтеген,
Кезінде еш тартынбай.
Той басқарып жүрсе де,
Үйге жеткен алқынбай.

Шырқатады әнді де,
Сөзі және мәнді де.
Өзі жайлы «өкіртіп»
Жазып жүр сықақ әңгіме!

Пайдасы тиген әркімге,
Жұрт біледі—ол анық.
Болат ағам бүгінде
Жолға түскен молдалық.

Іздей қалсақ Бөкенді,
Мешіттерден табалық.
Халал жуыс болсыншы,
Аталып бұл жаңалық!

Күләй жеңгем мықты екен,
Ерлігін біз қолдалық.
Жіберді ғой бір пәсте,
Журналисті молда ғып!



Жауапты хатшы Бекнұр Сатыбалдиевке!

Бұрын:

«Шәкірт болып жүрдің де,
Бастық болдың бір күнде.
23-інде би болдың,
Енді тезірек үйленгін!»,
Деп едім, оған көнбедің.

Бүгін:

«Отау құрмасаң Бекнұртай,
Шала бала ғанасың!
Үйленсең ғана, тек тұрмай
Бар қамалды аласың!»,
Деп әзіл жазғаным сол еді,
Үйлендің,
Енді дана боласың!

Оның себебі мынада:

Енді келін бала да
Ері үшін ойланады.
«Гонорарды» есепке алады.
Нәтижесінде—дана да,
Дара да сөзсіз Бекнұр болады.
Одан қашып, қайда барады?!

Қайда барса да, ...
Қайда қонса да
Келінге ол қайта соғады,
Үйтіп-бүйтіп жағады!

Сондықтан да бекер жүрмей
Болғын інім, он балалы.
Қазақ саны көбейсе—
Сауапты іс сол болады!



«Жарнама» бөлімінің меңгерушісі Амангелді Әбілге!

«Ақ жолда» бес жыл жүрсе де,
Бір бөлімді меңгермеді.
Себебі, бұрынғы бастық,
Оған әйтеуір, жол бермеді.

Қазіргі бастық келе сала
«Ауыл» бөлімін ашып берді.
Амангелді кеудесін керіп,
Көңілі көлдей тасып берді.

«Ауыл» ісін меңгеріп,
Барып-кеп жүр ел көріп.
«Жақсысын көкке көтеріп,
Ал, жаманын аямай
Жазамын,- дейді,-төңкеріп».
Тұрады бірақ жақсыны,
Жазғанды ол жөн көріп.

Жазудан қолы талмайды,
Күрмеліп тілі қалмайды.
Өз жазғанын кейде «мықты» деп,
Майын тамыза мақтайды.
Басқаның пікірі маңызды емес,
Өз пікіріне ғана тоқтайды!

Бармай жатып ауданға,
Біліп отырады бар жайды.
Әкімдермен сөйлесе,
Әдемі сөзін арнайды.
«Жарнамаға» ауысқалы,
Ақша жағын көп ойлайды.
Қанша пысық болса да,
Үй жағы боп жүр «зор қайғы!».



Компьютер орталығының меңгерушісі Жанна Бейсенқұловаға!

Құдай ісін оңдады,
Оңай деме Жаннаны!
Мініп еді ашуға,
Төңкерді дәу «тоннаны».

Істің білгір маманы,
Тез қабылдар жаңаны,
Тірлік оңға басады,
Ашық болса қабағы!

Ашық болса қабағы,
Еңбегі оның жанады.
Сөйтіп жүріп, баланы
«По заказу» табады.

Күйеубала қолдаса,
Жанна бәрін тындырар.
Кіп-кішкентай болса да,
Қай істі де «сындырар».



**Республикалық «Салық тәртібі» газеті
бас редакторының міндетін атқарған,
облыстық «Алтын шырақ» журналының
қазіргі редакторы Гүлмира Тәжиеваға!**

Жарқ-жұрқ етіп жанары,
Жүрекке «жебе» қадады.
Екі тілде мүдірмей,
Мақала да жазады.
Қай жолда да таймайды
Тұлпардайын тағалы.

Енді міне, журналға
Басшылығын бастады.
Өзі мұнда болса да
Қия алмауда баспаны!
«Алтын шырақ» тұрғанда
Ойламағын басқаны!

Мінген темір «тұлпарың»,
Тоқтамасын, жүйткісін.
Ауыстыруды ұмытпа
Қажетті май, «жидкісін».
«Бәрін айт та бірін айт»,
Көп ерлерден мықтысың!



**«Ақ жол» газетінің ардагері
Сейдімкүл Жұматаеваға!**

Сейдеш
Уылжыған жап-жас кезінде,
Облыстық газетке келді де
Орнығып қалды!
Содан бері көп жыл өтсе де
Демейміз: «Шаршап, болдырып қалды!».

Қарап тұрсақ, ол
Күннен күнге жайнап келеді!
Жас кезін оның ойға алсақ,
Жүрек құрғыр сыртқа тебеді!

Сүйкімдісіз, сүйіктісіз бәрімізге,
Айналғансыз әлдеқашан әнімізге!
Мінезі көркем болған текті қыздың,
Дем береді әр сөзі әлі бізге!

Қазір Сейдеш бейнетінің
Зейнетін де көріп жүр.
Соңынан дүркін-дүркін
Жақсы деген сөз еріп жүр.
Себебі, көзкөргендер
Сағынатын кез келіп тұр!
Уақыт деген жүйрік қой,
Заман да, адам да тез өзгеріп тұр.
Тек Сейдеш қай кезде де құбылмай
Шырша сынды өң беріп тұр!

«Ақ жол» газетінің Т. Рысқұлов ауданындағы меншікті тілшісі Сейсен Қожекеге!

Үлкендерді сыйлайды,
Кішіні әрең тыңдайды.
Тәуір мақала жазам деп,
Күндіз-түні тынбайды.
Намаз оқып жүрген соң,
Істі былыққа бұрмайды.
Батпау үшін күнәға,
Сауық-сайран құрмайды.

Аудан жайын қаузайды,
Барар жерге заулайды.
Баптап темір «тұлпарын»,
Шабандоздан аумайды!
Алпыс жастан асқан соң
Аңғара бермес көп жайды.
Зейнетке тез жетсем деп,
Жиірек сөз қозғайды.

Кассир-бухгалтер Шәрбану Данияроваға!

Бұрын:

Ақша керек болғанда,
Жылы сөз айтып
Оған мүмкіндігінше жағатын едік.
Уәдені үйіп-төгіп,
Қарызға ақша алатын едік.

«Білмесін тек бастық та,
Одан кейін басбух та»,
Деп ертесіне тағы кеп,
«Теңге жүдә керек» деп
Бір сылтауды табатын едік.
Ойдағымыз оңға басқан соң,
Қарық болып қалатын едік.

Бүгін:

Ал, қазір ондай
Жағдай болмай,
Таусылды амал-шарамыз.
Қаржы берер жан іздеп,
«Ауызға су тамыз» деп,
Енді қайда барамыз?..

Аздап ақша бермеген соң,
Шәрбанудың түсіп кетті беделі!
Сөзімізге ермеген соң,
Болмай қалды оның бізге керегі!

Оған айтар ақыл-кеңес:
Бұрынғы беделді жинау керек.
Ол үшін біраз ақша тауып
Байырғы «клиенттерді» сыйлау керек!

||ззз||ззз||ззз||

Компьютер орталығының қызметкері Райхан Тілеуқабыловаға!

Шегедей ісін нықтайды,
Көп жұмыстан ықпайды.
Рұқсатынсыз хатшының
Сыртқа да еш шықпайды.

Бұрын алдына машинканы «өңгерді»,
Қазір небір компьютерді меңгерді.
Келген-келгенінше мақаланы тез терді,
Сауаттылығында мін жоқ, оны көз көрді.
Кейінгі кезде іске жастар келген-ді,
«Үйренсін солар тек қатесіз тергенді»,
Деп міне, Райхан енді аздап өзгерді!
Шынында да ардагерлердің айтқанын
Тындайтын да кез келді!

– Жастар, тыңда кеңесін,
Тәрбиесін ал үлкеннің,
Зияны жоқ көп білгеннің.
Зейнетке кетсе, «қап-ай» деп,
Оларды күнде іздер кім?!
Өкінбес үшін, қазірден
Қасиетін зерттеп үлгергін!



Компьютер орталығының технигі Алмас Ормановқа!

Ей, Алмас,
Мына тірлігің болмас!
Жұмыста қыздарды
Көзіңменен атасың.
Бірақ та сен оларға
Орысша тіл қатасың!

Ондайың болмайды,
Ана тілінде сөйлемесең
Қазақ үшін сол қайғы!
Бас редактор бұйрық шығарып,
Жазаға тартсын ондайды!

Бұл не сұмдық,
Айтып тұрғаным шындық!
Алмас орыс тіліне бас иіп
Ұрмасын құлдық!

Келер жылы оны
Қазақ тілінде сөйлемесе,
«Знамя труда» газетіне ауыстырайық!
Ал, оның орнына
Қазақша сөйлейтін
Орысты жұмысқа алдырайық!

Қазір ол майын тамыза
Қазақша сайрап жүр.
«Бұрын неге орысша сөйлегенмін?» деп
Қайта-қайта басын шайқап жүр!

«Ақ жол» және «Салық тәртібі» газеттері ұжымдарының жаңажылдық кешінде

«Ақ жолдағы» жігіттер,
Қыз таңдаумен келеді.
«Салықтағы» қыз біткен
Жігітке жағар өнері.

Қыздарына салықтың,
Кәне, жақын жүріңдер.
Мұндай жақсы мүмкіндік
Туа бермес, біліңдер!

Қыздарына салықтың,
Көздеріңді салыңдар.
Әсіресе, бойдақтар,
Қыз көңілін табыңдар!

Бас редактор Ғалым да,
Бола жатар бас құда!
Қыз жүрегін жаулаңдар,
Ерітердей тасты да!

Беттен алып тырнайтын,
Бұзығынан қашыңдар!
Қылығы жақсы қыздардың
Жүрек кілтін ашыңдар!

Абай менен Ақылжан
«Бойдақпыз» деп желіп жүр.
Адасқан қыз ақылдан,
Оларға шын сеніп жүр!

Бойдақтардың жағдайын,
Бас қатырдым ойлап тым!
Керек десең дәл бүгін
Мен де нағыз бойдақпын!

Журналистердің жан сыры

Журналистер қашанда,
Жаңалықты іздейді.
Әкіммен де, ақынмен
Байланысын үзбейді.

Кей басшылар тілшіні,
Менсінбестен «кім» дейді.
Сыналған соң, сыздана
«Құртамын» деп тілдейді.

Қайырмасы:

Халқымыздың жағдайын,
Жазып жүрміз әрдайым.
Біз айтпасақ, кім айтар,
Мәселенің мән-жайын!

Жақсы істі жақтадық
Сырымызды ақтарып.
Кемшілікті оңдырмай
Әшкерелеп даттадық!

Кеуде керген көп дөкей
Сынға ренжіп «тулайды».
Ал, оқырман риза боп,
Нәтижесін сұрайды!

Қайырмасы:

Халқымыздың жағдайын,
Жазып жүрміз әрдайым.
Біз айтпасақ, кім айтар,
Мәселенің мән-жайын!

||336||336||336||

Нағашым Анарбек қажы Әбжановқа!

Мәдениет саласына
Қырық жыл еңбек сіңіріп,
Айналдыңыз елдің ағасына,
Ал менің сүйікті нағашыма!

Шырттай болып үстіңіз,
Он бес жыл бұрын
Абыроймен зейнетке шықтыңыз.
Ұзақ жүріп алмай
Бірден медресені бітіріп,
Дін жолына түстіңіз!

Кәдімгі мәдениетті
Дамолла болдыңыз.
Меккеге барып
Қажы атанып,
Құтқа толды орныңыз!

Жетпіс бес жасқа кеп
«Джип» міндіңіз.
Қызығын көріп
Ұзақ ғұмыр сүріңіз.

Бұрын Тұрсын апам
Бір кітап шығарсам
Кәстүм-шалбар кигізетін.
Ашық-жарқын тілегімен
Төбемді көкке тигізетін!

Ол кісінің көзі кетіп еді,
Жаңа кітабыма
Кәстүм түгілі, шалбар кимедім!
«Ат мінгізем» деп едіңіз, тай да мінбедім.
Бар мырзалық апаммен кеткен бе?!
Ол жағын анық білмедім.

Қажы ағамды жиі-жиі мақтап,
Имани сөзін жақтап
Газетке жазып келемін.
Түбінде бір түйе
Жетектетер деп сенемін!
Алайда, бола тұра жиені,
Мінбесем де түйені,
Нағашымды құрмет тұта беремін!



Транспорт саласының ардагері, қаламгер Жақсылық Досаевқа!

Түйін түйген темірден,
Көргені мол өмірден.
Транспорт саласын,
Басқарған зор сеніммен.

Кітап жазып,
Екінші
Ашылғандай тынысы.
Классиктің дәл өзі,
Айнымайды жүрісі.

Балаларға арналған
Ертегісі қызықты.
Әп-әдемі кітабы
Тәрбиелер бұзықты.

Транспорттан тапқаны
Ішке майдай жақса да.
Тандағанда мамандық
Қателескен Жақсыға.

Өзге істі доғарып,
Ерте алғанда қаламын,
Шығар еді топ жарып,
Көп кітабы ағаның.

**Тараз қаласы әкімінің кеңесшісі
Алпысбай Смайыловқа!**

Үлкен қызметтердің
Дәмін татқан.
Іздегенінің
Бәрін тапқан.
Қолынан келгенше
Көпшілікке көмектескен,
«Қиын сәтте
Адам бір-біріне керек» дескен
Ағаның азаматтығын білеміз,
Іштей риза болып жүреміз.

Ол кезінде
Жетекші ретінде,
«Нұр Отанның» қалалық
Филиалы жұмысын оңдады.
Есінен кетпес -
Ыстығына күйіп,
Суығына тоңғаны.

Қызметіне бірақ,
Еш ақы да алмады.
Қоғамдық жұмыс болған соң
Бір тірлігінен қалмады.

Кейін ол орынға
Жалақы тағайындалғанда,
Алпекен әйтеуір, керек болмады.

Тәжірибесі мол Алпыс аға,
Зауытты басқарып кетті.
Сонда жүріп алпыс жасқа жетті.
Қазір әкімдікте
Еңбек етіп жүр.
Халқы үшін
Тер төгіп жүр.
Ал, ағалық міндет-парызын,
Абыроймен көтеріп жүр.

Кәсіпкер, тарихшы Қалмаханбет Ұрқұлжаұлына!

Тіл үшін де,
Діл үшін де қаны қызар,
Тулаған ар-намысы бар.
Қазағым деп соғатын
Жүрегінің қағысы бар!

Тарихты терең ұғынған-ды,
Тегіне тартып туылған-ды.
Желтоқсан желі соққанда,
Ұлтшыл болып қуғындалды.

Қызыл жағасын сондықтан да
Лақтырып тастап құтылған-ды!

Қалағаң сондай бірбеткей,
Алға ғана ұмтылған.
Әлдекімдей кері кетпей,
Кәсіппен тірлік тындырған!

Адастырған арманы-ай,
Арнасына салғаны-ай!
Қайсар мінез Қалағаң
Келеді желіп жорғадай!

Табыс келер ырыс ап,
Ол әрине, дұрыс-ақ.
Шаһар жеңгем ақшаны
Жұмсамай іске бір ұсақ,
Қажет десе,
Ағама
Әпереді тікұшақ!

Қалағама айтарым:
Соңына түсіп нарықтың,
Алдына шығып халықтың
Кетпесең екен тым ұзап!
Жүрген жақсы емес пе,
Көппен бірге тыныс ап?!

|||

Полиция полковнигі Болат Құлекеевке!

Болат ағам,
Қызылдан болды жағаң.
Ішкі істер бөлімін де басқардың,
Басқармасын да,
Басқа арнасын да басқардың,
Тәртібін түзеймін деп жастардың!

Менің әкем де—білесіз
Үздік инспектор болғанын.
Еске алып жүресіз
Жас кезде жәкең ұрғанын.
Содан жаман болмадың,
Қаладың ішкі істер органын!

Әкем білектің күшімен,
Имандылық ісімен
Келеңсіздікпен күрескен.
Ал, інісі—өзіңіз
Жоғарылап шеніңіз,
Жай да болды «жаумен» қайтпай тірескен.

Әкем ұрса шалыс басқаныңда,
«Жақсы адам бол» дегені!
Мұндай жақсы болар ма,
Бөкеңнің әкемнен таяқ жегені!
Сонда санаға сіңіп қалған ғой
Тәртіптің не екені!

ТарМПИ-дің доценті, ТарМУ-дің профессоры, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, сазгер Аман Малдыбаевқа!

Малдыбаев Аман,
Айтарым бар саған!
«Көне Тараз» күйін
Мың құбылтып күмбірлеттің.
«Жалын кешкен» әнімен
Талай жүректі дірілдеттің!
Өлеңін мен жазған соң,
Ал, әнін сен жазған соң
«Мықтымыз» деп күбір еттің!

Әлі талай күйлерің
Жұлдыз болып жанбай ма?
Айыр қалпақ кигенің,
Жұрт қырғыз деп қалмай ма?!

Қалпақта емес мәселе
Өнерде ғой барлық гәп!
Ән-күйінді төгілтіп,
Тасташы жұртты жарылқап!

Өрге жүзді өнерің
Басын ұстап екі кеменің.
Күйші де өзің, сазгер де
«Ақын болма, бірақ» дер едім.

Ақын болсаң бауырым,
Ән қалмай ма «мұңайып».
Шығар күйдің тәуірін,
Рахаттанып тындайық!

Қажет болса өлең сөз,
Біз жазайық тындырып.
Әуре болып қайтесің,
Әр нәрсеге ұмтылып!

Домбыра ашты бағынды,
Сен сазгерсің дарынды.
Сен дәулескер күйшісің,
Өнерге сал барынды.

Кәрі емессің әлі де,
Махаббатты қос әніңе!
Профессор болсаң да,
Сезім керек бәріне!



Тұрар Рысқұлов ауданының кәсіпкері Исламбек Әлімқұловқа!

Кәсіппен адал танылмақ,
Алға басар адымдап.
Қиянатшыл жандарға,
Ол қалайша бағынбақ?!

Әділдік үшін күресті,
Әкімменен тіресті.
Жалғыз өзі қорықпай,
Заңды білген Исекең
Жеңіп шықты зорықпай!

Құтты болған базарын,
Білгем қорғап қаларын.
Шенеуніктің шеніне
Аудармады назарын.
Төтеп беріп көп «жауға»,
Алдырмады «қамалын».

Жапырдым деп бар «жауды»,
Шаршап ол үйде жатпасын.
Әкімдердің есігін
Ешқашанда қақпасын!
Бұдан былай Алла оны
Кикілжіңнен сақтасын!

**Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының «Құқықтық Қазақстан»
газетінің Жамбыл облысындағы меншікті
тілшісі Жамбылбек Шоқыбасқа!**

Оганда қызмет істеді,
Бұйырғанын «тістеді».
Капитан шенді кезінде,
Жұрт сескенер күшті еді.

86-жылғы дүрбелең
Жұлды орнынан бірденнен!
Ұлтшыл болып бұл «бала»,
Жұмыстан шықты біржола.

Қолына алды қаламын,
Байқатпақ боп шамасын.
Кетсе де ол органнан,
Жазып жүр құқық саласын.

— Оқырманның бағасын,
Жәке, үзбей аласың.
Қанша мадақ көрсең де,
Майорсыз-ақ қаласың!

Дәметпейсің шен-шекпен,
Тіреспей-ақ жендетпен.
Сұлатасың сыныңмен, ...
«Кісілерді» кері кеткен!

**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
«Ақ жол» газетінің ардагері
Әбділда Сәрсенбиевке!**

Әбділда сыйлас нағашым,
Ажырата біледі
Ақ пен қара арасын.
Бәрімен де бірақ та,
Тауып жүрер жарасым!


Он жыл қалып түнекте,
Білді жарық қадірін.
Болған соң от жүректе
Жанды үміті ақырын,
Көре алды жақынын!

Жақсы хабар жетті одан,
Көсем қуана депті оған:
«Әбеке, айтшы, көрдің бе
Жеңешемнің өңін де?
Тілектеспіз тек саған!»

– Өмір асау бір ағын,
Жендің, тәубе, сынағын.
Бұйрығымен Алланың
Жүзеге асып арманың,
Жарқырасын шырағың!

Қалам менен танымы –
Журналистің қаруы.
Көз қиығын салыңыз
Кездессе қазақ аруы!

Әбеке, бұл қалжыңым,
Аңғал айтар бар сырын.
Кері болды-ау,
Айтқандай
Тауыққа шөже ақылын.
Басқа мүлде–ал, шыным.




**Экономика ғылымдарының
докторы, ТарМПИ-дің профессоры
Қуандық Тұрдалинге!**

Ғылымға терең бойлады,
Оңтайлы шығып ойлары.
Экономиканы жіліктеп,
Майын ішпей қоймады.
Қуандық аға сонда да,
Майына жілік тоймады!

Зерттеп терең саласын,
Атанды ғылым докторы.
Алып әділ бағасын,
Болды институт ректоры.
Талай белден асқанда,
Біліммен болды тек жолы.

Игерді ол ғылымды,
Көрмеді еш тынымды.
Сексен жасқа келгенде,
Саясатқа бұрылды.
Болса екен деп тілейміз,
Ағамыз ұзақ ғұмырлы!



**Облыстық жылжымайтын мүлік
жөніндегі орталықтың мемлекеттік тілді
енгізуші бас маманы Әкебай Ертаевқа!**

Кәсіпке де ебі бар,
Қаламының желі бар.
Қазақ тілін дамытуда
Ептеп маңдай тері бар!

Жұртқа жазар әзілі бар,
Өзіндік әдіс-тәсілі бар.
Одаққа мүше болмайтындай
Оның қандай жазығы бар?

Мүліктерді рәсімдейтін
Мекемеде жұмысы бар.
«Бас жазарды» әзірлейтін,
Көпке жағар бір ісі бар!

Әйтеуір, елге пайдасы бар,
Көңілді табар «айласы» бар.
Дүкені бар,
Базарда жаймасы бар.
Зейнетке шыға сала, ағатайым,
Сатушы боп біріне жайғасып ал!

||з||з||з||з||з||з||

ЖГТУ-дің аға оқытушысы, тарихшы, баспагер Мақсұт Даутбаевқа!


Ел ішінен сұрастырып,
Авторлардың еңбегін құрастырып
Кітап шығарып әр жаққа жеткізуде.
Ел-жұрт оқып көрсін деп,
Өзіне пайда келсін деп
Арзан бағамен кітабын өткізуде.

Бүгінде осылай ол жігіт,
Кәсібін алға жылжытып,
Он кітап шығарып таратты.
Оқылатын дүние болған соң,
Тарихтан мағлұмат алған соң,
Жұрт кәдесіне жаратты.

Мақсұт та пайдаға кенелсе,
Есімі көп жұртқа еленсе,
Ол-еңбегінің жемісі.
Сан мың оқырман кітапты,
Іздесе жағып шырақты,
Бұл-оның ең ірі жеңісі!

Мандай тері, адал еңбегі,
Жана берсін әрдайым тегі,
Оған жоқ ешкімнің таласы.
Сонда да досым,
Дұрыс па, деп, осым,
Бізге де бір қарашы!

Шымкенттің көп баспасы,
Сондықтан мол ақшасы.
Сен олардан кемсің бе?
Бизнесіңді басташы.
Ұстаздығың қашпайды,
Әзірге оны тасташы!



**Мұрағатшы, ТарМПИ-дің «Бауыржантану»
ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми
қызметкері Мұхамеджан Кәтімханға!**

Асу-асу белдерден,
Өзен менен көлдерден
Өтіп келген Мұхаң ғой!
Мұрағатты қопарып,
Қазақшаға қотарып
Елге берген Мұхаң ғой!

Тірлікпен өскен шыңдалып,
Жүрген емес ырғалып,
Тер төгеді тырбанып.
Намазға қазір жығылған,
Ішетін бұрын ұрланып.

Тарихқа назар салады,
Қиянды көзі шалады.
Мәлімет тапса мәндірек,
Жеңгеміз ұл тапқандай
Шаттанып-ақ қалады.

Ғалымдармен бас қосқан,
Ақындармен достасқан,
Шаршау жоқ қой Мұханда!
Мұха, алға тарта бер,
Ізгі жолда мұқалма!

**Республикалық «Салық тәртібі» газетінің
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша
меншікті тілшісі Базарбек Түкібаевқа!**

Сын-сықақ оның жазары,
Дабылын жиі қағады.
Оған «Салық тәртібі»,
Сары майдай жағады.

Себебі, тұрып Шымкентте,
Тараздан нанын табады.
Ас атасы–нан болса,
Нанмен жанын бағады!

Болғаннан соң шымкенттік,
Бір жұмыспен шектелмес.
Қай істі де игерер,
Үш айлықты көп көрмес.

Алматы мен Астана,
Болғандай ауыл арасы.
Одан да шетке аспақшы,
Жетіп жатса шамасы.



**Облыстық экология департаменті
сынақ зертханасының бастығы,
экология саласының үздігі
Жахангер Назарбековке!**

Жер, су және ауаның
Тазалығын зерттейді.
Сонысымен қауіпті
Зияндықты шектейді.

Жұрт сондықтан лас затты
Бей-берекет төкпейді.
Заңнаманы бұзғандар
Жазасыз еш кетпейді.


Өзі қатаң сақтайды,
Тазалықты сүйіп тек.
Нәтижесі—теректей
Бойы өскен биіктеп.

Ана жылы Жахангер,
Жапон барып қайтқан-ды.
Сонда суырып өлеңін,
Домбырамен айтқан-ды.

Шетелдіктер таңданып,
Сөзін лезде аударып,
Қолпаштапты қазақты
Мәз болғаны соншалық!

Бір жобасын жапонның,
Оған қия салыпты.
Олжасымен Жаханым,
Қуандырды халықты.

Бұл эколог шет елде,
Ақын боп топ жарыпты.
Не де болса, ер екен
Қазақтығын танытты!



**Республикалық «Салық тәртібі» газеті
баспаханасының бас механигі, баспашы
Асхат Рахманқұлға!**

Қаза болмас намазың,
Ысырап болмас қағазың.
Баспаны адал жүргізіп,
Сен Аллаға жағасың.

Басшы берер бағасын,
Құдай деген баласың!
Маңдай термен өзіңнің
Бақ-береке табасың!

Кітабымды шығарсаң,
Алғысымды аласың!
Берген батам қабыл боп,
Жолдарыңды ашасың!

Ұстаздан алған дәрісің,
Жаныңа нәр боп дарысын.
Тәрбиелеу шәкіртті
Өзіңнің де парызың.

Жат қылықты жоясың,
Ішпей-жемей тоясың.
Діни жолмен жүрсің ғой,
Сақал қашан қоясың?..

Қолтаңба
(Лесбек ініме)

Нұрмахан ТІЛЕГЕНОВ

Хат-хабарды қорытудан
Қолың тимей «жан сақтап».
Әдебиетті «өкпелетіп»
Кетіп жүрме алшақтап!

Жаз! Төпе! Жаза бер,
Бұрқырата, тайсалма!
Батылдау жаз,
Сұрар болма «жансауға»!
Мақсат-жазу,
Шалқар ойды ден сауда!

Бала біткен періште,
Ал, сен балаға жақынсың!
Сондықтан,
Балажан ақынсың!
Балалардың кітабы
Өзінді шын қуантып,
Шабытыңды шақырсын!

{э-э-э}|{э-э-э}|{э-э-э}

**Елуге езутартар
(Лесбек ағаға әзіл)**

Көгедай ШӘМЕРХАН

Көңілдегі толқынға,
Дауыл тимей сарқылма.
Елу ердің жасы екен,
Өмір-өзен салтында.
Күші кетпес білектің,
Қайраты бар жүректің.
Айтып қалды ағамыз,
«Аруларға дір еттім».
Елу-егей ғұмыр ғой,
Барлығы өз қалпында.
Жиырма бесін сағынған,
Бағасы тең алтынға.
Сізге қарап өсуде,
Бауырларың артыңда.
Ер жасына келдіңіз,
Құлақ аспай қарқылға...
Адалдықты сүйесіз,
Бас имеңіз ар-тұрға.
Елу-ердің аспаны,
Ойы пісіп жетілген.
Елу жылда-ел жаңа,
Шежіресі шертілген.
Жақсы өтіңіз сыйласып,
Бізге жеңгей-кемпірмен.

Көз салуды қойыңыз,
Қыздар өтсе «центрден».
Шабыт құсы шарықтап,
Қанаттары серпілген.
Өмір өзі бір мектеп,
Арнасына келтірген.
Сәбилерге базарлық,
Шығарманы өлтірмен.

Елу-мақтан жасында,
Еңку де еңку жер шалған.
Қырқадағы қырыққа,
Қош айтысып ән салған.
Біздің ағай әзілдің,
Жүрегіне дем салған.
Талмай жетіп бүгінге,
Елу деген енші алған.
Секіретін кез өткен,
Түнделетіп қоршаудан...



МАЗМҰНЫ

I. Тағылымы бар жыр	3
Жала мен жаза	5
Асыл текті Имам Ағзам (Әбу Ханифа)	10
Тәңір берер пейілге	16
Тәуелсіздік – ел бағы	20
Шыңға шықсам, сен де шат	21
Еркелегім келеді	22
Перзенттік тілек	23
Қайран әжем	24
Бір қуаныш, бір қайғы	28
Намыс	32
Не десем екен?..	33
Кей адамдар	34
Тұйыққа кеп тірелсең	35
Көңілдерге кірбінді жуытпандар	36
Өркімнің өз үні бар	37
Бағым менің қуанышқа бөленткен	38
Жігерінді жани біл	39
Жақындыққа үндейді	40
Алдарында бұрынғыдай баламыз	41
Ұлы сезім	43
Жақсылармен кездесем	44
Іңкәр сезім	45
Сені ғана іздеймін	47
Маған сенші	48
Ұмыттым ба деп жүрсем	50
Жүрегіңе гүл тағайын	51
Қос мұңлыққа	52

II. Астары бар сыр	53
Құтылатын күн бар ма?..	55
Бастықтың соңғы ескертуі	56
Кеудемсоқ	58
Жағымпаздың жыры мен сыры	60
Құтырып жүр	61
Өзгелер билеп санасын	62
Тоқылдақтың ақыры	64
Берекесіз менмен маман	65
Бетпе-бет келуге беті жоқ	67
Соттың өзін сотқа берді	69
Төрт аяқтап кеттің	70
Әйелдердің айтары	71
Банкирдің теңге күніне жыршашуы	73
Баттал Жаңабаевқа	75
Арғынбай Бекбосынға	77
Әлдихан Қалдыбаевқа	78
Ғалым Қасабайға	79
Несіпбек Дәутайұлына	81
Аязби Бейсенқұловқа	83
Көсемәлі Сәттібайұлына	85
Игорь Неволинге	87
Жарылқасын Нұралиевке	88
Қуаныш Иембердиевке	90
Құрманбек Әлімжанға	91
Баймаханбет Ахметке	94
Ақылжан Мамытқа	96
Сағындық Ордабековке	97
Асқарбек Сейілханға	98
Болат Жаппаровқа	99
Сапарғали Әлібаевқа	101

Бекнұр Сатыбалдиевке	102
Амангелді Әбілге	104
Жанна Бейсенкүловаға	106
Гүлмира Тәжиеваға	107
Сейдімкүл Жұматаеваға	108
Сейсен Қожекеге	109
Шәрбану Данияроваға	109
Райхан Тілеуқабыловаға	111
Алмас Ормановқа	112
«Ақ жол» және «Салық тәртібі» газеттері	
ұжымдарының жаңажылдық кешінде	113
Журналистердің жан сыры	114
Анарбек қажы Әбжановқа	116
Жақсылық Досаевқа	118
Алпысбай Смайыловқа	119
Қалмаханбет Ұрқұлжаулына	120
Болат Құлекеевке	122
Аман Малдыбаевқа	123
Исламбек Әлімқұловқа	125
Жамбылбек Шоқыбасқа	126
Әбділда Сәрсенбиевке	127
Куандық Тұрдалинге	129
Әкебай Ертаевқа	130
Мақсұт Даутбаевқа	131
Мұхамеджан Кәтімханға	133
Базарбек Түкібаевқа	134
Жахангер Назарбековке	135
Асхат Рахманқұлға	137
Қолтаңба	138
Елуге езутартар	139

Лесбек САЙЛАУБЕК

ПЕЙІЛ

Редакторы
Теріміші
Корректорлары

Мұқабаны көркемдеген
Компьютерде беттеген

Болат ЖАППАРҰЛЫ
Малика МӘДИҚЫЗЫ
Рабиға ЛЕСБЕКҚЫЗЫ
Назым АРЫСТАНБАЕВА
Ербол ЖҮЗБАЕВ
Нұрлан ПӘРІМБЕКОВ
Владимир КИМ

Басуға 13.03.2013 ж. қол қойылды.
Қалыбы 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
9 баспа табақ. 8,37 шартты баспа табақ.
Таралымы 1500 дана. Тапсырыс №00738.



Senim ISO 9001-2009
ЖАМБЫЛ БАСПА ОРТАЛЫҒЫ 8 (7262) 43-32-84

«Сенім» ЖБО ЖШС-де басылды.
Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22 үй. Тел.: 43-32-84
E-mail: maket@senim.org



Лесбек САЙЛАУБЕК 1961 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. 1979 жылдан 1993 жылға дейін Жамбыл облыстық («Еңбек туы») «Ақ жол» газетінде корректор, техникалық редактор, тілші, жауапты хатшының орынбасары қызметтерін атқарды. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

1993-2003 жылдар аралығында Қазақстан телерадио корпорациясының Жамбыл облысындағы меншікті тілшісі болып еңбек етті. 2003 жылдан облыстық «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. «Нұр Отан» ХДП ұйымдастырған республикалық ашық конкурста жемқорлыққа қарсы күрес жұмысын баспасөзде жан-жақты зерттеп жазғаны үшін лауреат атанған.

Лесбек Тұрсынбекұлының бұған дейін «Бұзықтың бір аптасы», «Тіл табысу» атты балаларға арналған кітаптары баспадан жарық көрді. Ақын-жазушылардың шығармалары жинақтарына бірқатар өлеңдері енген.

